

#КүшімізБірлікте

Бізге электр қуаты, әсіресе таза атом энергиясы аса қажет... Экономикалық ахуалдан хабары жоқ популисттердің сөзіне ермейік. Атом энергетикасының мәнін кәсіби деңгейде түсіндіру қажет.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

МӘСЕЛЕ



**ТАЗА АТОМ
ЭНЕРГИЯСЫ:**
қажеттілік пен
мүмкіндіктер

3

ТҮЛҒАТАНУ



**ҚАЗАҚ
КИНОСЫНЫҢ
САҢЛАҒЫ**

12

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

17.02.2022

Түнде:



-11-13 °C

Күн ашылып бұлт сөйледі,
жауын-шашынсыз. Кей уақытта
тұман, көктайғақ.

Күндіз:



-5-7 °C

Күн ашылып бұлт сөйледі,
жауын-шашынсыз. Кей уақытта
тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

18.02.2022

Түнде:



-11-13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-2-4 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №18 (6153) 17 ақпан, бейсенбі, 2022 жыл.

ӘКІМ

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ ҚАНАҒАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев жұмыс сапарымен Жетісу ауданын аралады



Алматы қаласының әкімі Жетісу ауданына жұмыс сапарын әлеуметтік инфрақұрылым мен инженерлік желілерді дамыту өзекті мәселеге айналған «Кемел» ықшамауданынан бастады.

2

ЗЕРДЕ

ҚАҢТАР ДҮРБЕЛЕНІ

«Қанды қырғын» сабағы: Жаңа Қазақстанға бетбұрыс



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Отыз жыл бойы әлем елдері үшін татулық пен келісімнің Отаны, бейбіт өмірдің өнегесі болып келген Қазақ Елі екі-ақ күнде бүлікшілердің құрсауында қалды. Неге? Осы сауал күні бүгінге дейін көкейде тұр.

4-6

ҚЫСҚА...

- Президент «Бейжің-2022» XXIV қысқы Олимпиада ойындарының қатысушысы Абзал Әжіғалиевті қолдап, жеделхат жолдады.
- Алматы Энергетика және байланыс университетінің базасында Қазақстанда АЭС салу қажеттілігі мәселесі бойынша ғылыми семинар өтті.
- Елімізде аудандық және облыстық олимпиадалар басталды.
- «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына келіп түскен қаражат көлемі 119 миллиард теңгеге жуықтады.
- ЖОО бітірген түлектер қосымша тестілеуден өтіп, «Педагог» біліктілігін алуға міндеттелуі мүмкін.
- Дүние жүзінде аллергияны тудыруы мүмкін 7 мыңнан астам гүл, 10 мыңнан астам өсімдік бар.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ӘКІМ

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ ҚАНАҒАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев жұмыс сапарымен Жетісу ауданын аралады

Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Қазіргі кезде ықшамаудан аумағында аудан тұрғындарының сұранысына орай, әрі ыңғайлы болу үшін отбасылық-дәрігерлік амбулатория құрылысы бой көтеріп жатыр. Өйткені, бұл ықшамауданға ең жақын деген емхананың өзі 4 шақырым жерде орналасқан. Медициналық мекеме ағымдағы жылдың күзінде аудан тұрғындарына қызмет көрсете бастайды.

Сонымен қатар, «Кемел» ықшамауданының тұрғындары үшін ауызсуға қолжеткізу мәселесі де үнемі қиындық туғызып келеді. Өйткені, сумен жабдықтау электр сорғылары арқылы қамтамасыз

етілгендіктен, электр қуаты сөніп қалған жағдайда ауызсу да болмай қалады. Жалпы, бұл мәселе облыстың қаламен шекаралары өзгерген кезден бері «мұра» боп қалған. Сондықтан осы мәселені шешу үшін «Шетсіз қала» бағдарламасын іске асыру аясында инженерлік желілердің екі жобасы (электрмен жабдықтау және судан бұру мен сумен жабдықтау) әзірленіп, бұл жұмыстар 2022 жылдың екінші тоқсанына жоспарланып отыр. Қала басшысы Ерболат Досаев аудан әкіміне осы жобалардың іске асырылуын ерекше бақылауда ұстауды тапсырды.

Жетісу ауданының әкімшілігі ықшамаудан тұрғындарының демалуына жайлы жағдай жасау мақсатында 10 мың адамды қамтитын демалыс және белсенді демалыс аймақтарын абаттандыру бойынша жобаны қолға алуда. Жалпы, «Кемел» ықшамау-

данында жағалау аймағын салу жобасы 2020 жылы әзірленіп, оның құрылысы үшін республикалық бюджеттен 789,8 млн. теңге сомасында қаржыландыру мәселесі көтерілді.

Ауданды аралау барысында шаһар басшысы қарт адамдар йогамен, хореографиямен, айқунмен, скандинавиялық еңбек терапиясымен айналысатын, ағылшын және қазақ тілдерін оқытатын (ай сайын 70–80 адам барады) Мәдениет үйінің жұмысымен де танысты. Сонымен қатар, ықшамаудан тұрғындарымен кездесіп, олардың өтініштері мен ұсыныстарын тыңдады. Өзекті тақырыптардың қатарында қоғамдық көлік аялдамаларын ұйымдастыру, автобус бағыттарын өзгерту және т.б. мәселелер көтерілді. Кездесу қорытындысы бойынша шаһар басшысы Алматы қалалық мобилділік басқармасына қоғамдық көлік

қозғалысына сараптама жүргізуді және тұрғындардың мәселелерін қарау үшін тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Жұмыс сапары барысында қала әкімі Дулыға көшесіндегі апатты жағдайдағы үйлердің тұрғындарымен де кездесті. Тиісті шаралар қабылдау үшін мәселе бақылауға алынды.

Жақын арада «Кемел», «Көкжиек» ықшамаудандарының балалары Жайсаң көшесінде орналасқан Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің секцияларына тегін баратын болды. Оның құрылысын осы жылғы 1 тоқсанның соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Қала басшысы «Көкжиек» ықшамауданындағы жаңадан ашылған қарағай орманымен де танысты. «Таза Қазақстан» экологиялық жобасын іске асыру аясында 3,1 гектар жерге 1500-ден астам қарағай мен 11 мыңнан астам жапырақты ағаш отырғызылды. 65 метр тереңдікте сорғыны орнату бойынша жұмыстар жүргізілді, 25 текше метр суға қатысты 2 резервуар орнатылды. Қазіргі кезде ағаш көшеттерін тамшылатып суару тетіктерін орнату жұмыстары жүргізілуде. Қала басшысы ағымдағы жылдың суару маусымына байланысты Жасыл экономика басқармасы жұмыстарды аяқтауы тиіс екенін атап өтті.

Дәл осы күні Ерболат Досаев «Көкжиек» ықшамауданындағы №177 мектепке барды. Білім мекемесінің басшысы қосымша ғимарат салу есебінен мектеп 600 орынға кеңейтіліп, бұл орын тапшылығы мәселесін шешуге ықпал еткенін баяндады.

Қала әкімімен кездесу барысында «Жұмысшы» кентінің тұрғындары медициналық қызметтерге қолжетімділік проблемасы жөнінде айтып, басқа аудандардың емханаларына баруға мәжбүр екендіктерін баяндады. Өз кезегінде Е.Досаев аудан әкіміне жаңа емхана салу үшін қолайлы жер учаскесін іздеу шараларын қарастыруды тапсырды.

Жұмыс сапарының соңында қала әкімі «2021–2025 жылдарға арналған тұрғын үй қорын жаңарту бағдарламасы» аясында Крылов, Скрябин, Гончаров көшелері мен Райымбек даңғылының шаршысында салынып жатқан үйлердің құрылыс барысымен танысты. Қазіргі кезде құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде, 30 ескі екіқабатты үйді сүру жүзеге асырылуда, олардың орнында 2024 жылға дейін 24 көппәтерлі үй (бұзылған 11 үйдің орнында 9 үй ағымдағы жылдың соңына дейін тапсырылады) салынады.

Жетісу ауданын аралап, танысып шыққан қала басшысы Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Көкебаеваның жұмысына оң баға беріп, «Шетсіз қала» бағдарламасы аясында ауданды одан әрі дамыту мәселелерін жалғастыруды тапсырды.

МЕРЕЙТОЙ

Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Алматыда МАСТЕРWORKS үрмелі аспаптар оркестрінің көптен күткен концерті өтті. Аталмыш іс-шара танымал музыкант Тимофей Докшицердің 100 жылдығы мен Юрий Клушкіннің 85 жылдығына арналды.

Шарада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Юрий Клушкіннің 85 жылдық мерейтойына арналған құттықтау хатын Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев оқып берді. Сондай-ақ, мерейтой иесіне шапан жауып, гүл шоқтарын табыс етті. Салтанатты жиында Алматы қаласы мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев өнер жолындағы еселі еңбегін айрықша атап өтті.

Мінсіз орындау шеберлігімен 1990 жылы ел ішіне, кейіннен жаһан жұртына танымал болған үрмелі аспаптар оркестрі бүгінде Қазақстан музыка өнерінің озық үлгісі саналады. Оркестрдің репертуарында 200-ден аса бағдарлама бар. Ал кешегі мәдени кеш



осы музыка маркақаларының мерейтойына арналып отыр. «Өкінішке қарай, мен қазір ойнамаймын. Бірақ оркестр уақыт өскен сайын жақсарып, жағдайы артып келеді. Сол қуантады. Ең бастысы, шәкірттерім риза», – деді Қазақ КСР еңбек сіңірген әртісі Юрий Клушкін.

Тимофей Докшицер мен Юрий Клушкін жалпы ТМД елдері музыкасындағы болмысы бөлек тұлғалар. Қос азаматтың мерейтойына арнайы дайындал-

ған бағдарлама оларға деген шексіз құрметті көрсетеді. Кешке келген қонақтардың да ойы осындай.

«Иә, бәрі ұнады. Тіпті аздап көзіме жас келді, қысқасы бәрі керемет!», – дейді қала тұрғыны Сергей Забережный.

«Өте керемет болды, пандемия басталғалы концертке келмедік. Соңғы 2 жылда мәдени іс-шаралар өте аз өтті ғой. Сондықтан болар, алғашында көңілім босап кетті», – дейді тағы бір



тұрғын Иман Лагаб. «Қатты сағындық, бүгін сондай бір ерекше күн болып тұр. Филармонияға қайта келгеніме қуаныштымын», – дейді тұрғын Айнель Оразалиева.

Айта кету керек, үрмелі аспаптар оркестрінің арнайы концертіне бас дирижер Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қанат Ахметов болды. Ал 5 наурызда филармонияның үлкен залында өтетін мерекелік кеште де осы оркестр өнер көрсетеді.

Айта кететін жайт, Тимофей Докшицер мен Юрий Клушкін – үрмелі музыканың ТМД-ғы екі айтулы тұлғасы, солист-трубашылар, ұстаздар. Өздерінің орындаушылық шеберліктерімен олар бай тембрі бар трубаның, скрипка сияқты әуезді әрі нәзік дыбыс шығара алатынын дәлелдеді. Сонымен қатар, Тимофей Докшицер мен Юрий Клушкін үрмелі аспаптарда ойнау мектебіне үлкен үлес қосты.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

ЕСЕЛІ ЕҢБЕК ЕЛЕНДІ



ЭНЕРГЕТИКА

ТАЗА АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ: қажеттілік пен мүмкіндіктер



Алматы энергетика және байланыс университетінің базасында Қазақстанда АЭС салу қажеттілігі мәселесі бойынша ғылыми семинар өтті.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

Қазақстандағы АЭС құрылысының өзекті тақырыбын талқылау қажеттілігіне орай электр энергетикасы және атом энергетикасы саласындағы мамандар ойларын ортаға салды. Жиынның тақырыбы «Қазақстандағы АЭС құрылысының қажеттілігі мен мүмкіндіктері. Орталық Азияның энергетикалық жүйесінің тұрақтылығын арттыру» болды.

Конференцияға электр энергетикасы, ядролық энергетика саласындағы жетекші сарапшылар қатысты. Қазақстан Республикасы Энергетиктер одағының бас директоры Марат Дулкайыров, Алматы энергетика және байланыс университетінің академигі, техника ғылымының докторы Герман Трофимов, «Қазақстан атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Тимур Жанткин, «KEGOC» АҚ ЕҰ ҰДО басқарушы директоры Бекжан Мұқатов, «Айқын тариф» қауымдастығы президиумының төрағасы Петр Своик, энергетик Әсет Наурызбаев, эколог Арман Хайруллин және басқа белсенділер ой-пікірлерін білдірді.

Сондай-ақ, атом энергетикасындағы кадрлық дайындық туралы айтқан ядролық техника институтының өкілдері осы өзекті тақырыпқа қатысты оң пікірлерін жеткізді. Талқылау қорытындысы бойынша тиісті қарарға қол қойылды. Осы аптада Қазақстанның энергетика министрі Болат Ақшولاқов атом электр станциясын салу жөніндегі жобаны іске асыру елдегі электр тапшылығы мәселесін шешуге мүмкіндік беретінін мәлімдеді. Бұған дейін АЭС салу қажеттілігі туралы Қазақстан Президенті айтқан болатын. Бұл энергия тапшылығы мәселесін шешетініне ол да сенеді.

Қазақстанда жұмыс істеп тұрған генерациялайтын қуаттардың негізгі бөлігі 40 жастан асқан тозу деңгейіне ие, сондықтан энергетикалық жүйені жаңғырту және атом энергетикасына көшу туралы мәселе шарасыз туындайтындығын шараға қатысушылар айтты. Сонымен қатар, бірқатар ғалымдар, электр энергиясы саласының мамандары, ардагерлері өздерінің бай-тәжірибесімен бөлісті.

Марат ДУЛҚАЙЫРОВ,
ҚР Инженер-энергетиктер одағының бас директоры:



– 1998 жылы атом электр станциясын салу қажеттілігін болжағанбыз. Сондықтан мен Қазақстанда атом электр станциясын салуды толық қолдаймын. Біздің саланың кейінге қалдырылған көптеген проблемалар бар. Біз бұрын, оған қоса қазір де елдің оңтүстігінде қуаттың орасан зор тапшылығын бастан кешірген елміз. Қазір Жамбыл ГРЭС бойынша 200 МВт бойынша 6 блоктың тек 1-3 жұмыс істеуде, ал қалған блоктар газдың жоктығынан тоқтап тұр. Энергожүйедегі 25 жылдан астам тәжірибеміз сүйеніп айтудамын.

Тимур ЖАНТИКИН,
«Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС Бас директоры:



– АЭС құрылысы бойынша жобаны іске асыру барысы туралы ойларымыз көп. Соңғы уақыттары бәрімізді ойландырып, тіпті уайымдап жүрген өте өзекті тақырып. Өзіме дейінгі ғалымдар мен мамандар бұл сұрақтар төңірегінде талай мәрте қызу пікірталас жүргізді. Осының барлығын елеп-ескеру керек. Енді нақтырақ баяндайын. Қазір біз Балқаш станциясында 90-жылдары қарағанымызға қарағанда алғышарттар әлдеқайда көп.

Герман ТРОФИМОВ,
Энергетика саласының ардагері, т.ғ.д.:



Қазақстан Париж келісіміне қол қойды, ол елді «көміртегі ізін» төмендетуге міндеттейді, 2026 жылдан бастап трансшекаралық көміртегі салықтары енгізіледі, яғни лажсыздан біз көмір электр станцияларында электр энергиясын өндіруді қысқартуға тиіспіз, сондықтан Қазақстанға атом энергетикасы қажет.

– Өзімнің 30 жылдық энергетика саласындағы ісіме сүйенгім келеді. Сол себепті, тездетіп шешуге тиісті ойларымды айтамын. Өйткені, уақыт өткен сайын бұл күрделі болып бара жатыр. Керек десеніз, әлемнің алдында тұрған мәселе. Мұндай түйткілді жағдай Америка Құрама Штаттарын да толғандырады. Әсіресе, Орталық Азияның ахуалы тездетіп түйінін тарқатуды талап етіп тұр. Бұл – заманауи уақыттың талабы. Өйткені, барлығы кеңестік кезде салынған. Оның мүмкіндігі азайды. Бір сөзбен айтқанда, ескірді. Біз жарықтың біразын Өзбекстаннан алудамыз.

АЭС салу жөнінде түрлі пікір қайшылығы болып жатыр. Менің бір түсінбегенім мынау. Өткенде жарық қайта-қайта сөнді. Үйімізде тіршілік тоқтағандай күй кештік. Бірақ артынша қайта жанды. Қалай бұлай болды деген сұрақ көкейде сайрап жатыр. Кезінде Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанға ортақ бұрынғы энергетика саласындағы көрнекті ғалымдардың еңбегі еді ғой. Жаңа айтқанымадай, бәлкім, жаңа жүйемен жұмыс істеудің уақыты орнағанын көрудеміз.

ТАҒАЙЫНДАУ

Мегаполис әкімінің орынбасары тағайындалды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өкімімен ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша Алматы қаласы әкімінің орынбасары болып Нүсіпова Әсем Бекқызы тағайындалды.



йелі зерттеулер Орталығы секторының меңгерушісі қызметін атқарды.

2003–2005 жылдары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кеңесшісі, ЕурАзЭҚ хатшылығы жанындағы Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі ұйымдастыру-сараптама тобының (қоса атқарушы бойынша) кеңесшісі, сондай-ақ, 2005 жылы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі, Премьер-Министр кеңесшілері тобының жетекшісі болды.

2006 жылы – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Жиынтық талдау бөлімінің меңгерушісі.

2007 жылдан 2008 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі лауазымында болды, кейін 2016 жылға дейін «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

2016–2019 жылдар аралығында Әсем Нүсіпова Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары болып, 2020 жылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің Жауапты хатшысы болды. Бүгінге дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі (2020 жылғы қазаннан 2022 жылғы ақпанға дейін) болды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



ПРЕЗИДЕНТ СҰХБАТЫН КӨРІҢІЗ

17 ақпан күні сағат 20.30-да QAZAQSTAN ұлттық телеарнасынан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сұхбаты көрсетіледі. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Президент сұхбат барысында қасиетті қаңтар оқиғасының себеп-салдары мен алдағы уақытта жүзеге асырылатын саяси және әлеуметтік реформалар, Қазақстанның сыртқы саясатындағы стратегиялық серіктестерімен қарым-қатынастарына, қабылдаған шешімдеріне қатысты сауалдарға жауап береді», делінген жазбада.

МӘМС

САПАҒА САЛҒЫРТ ҚАРАҒАН емдеу мекемелеріне 1,8 млрд. теңге айыппұл салынды



Серік ЖҰМАБАЕВ

Медициналық сақтандыру қоры 2021 жылы Алматы тұрғындарына көрсетілген тегін медициналық көмек сапасын бақылау жұмыстарының нәтижесін қорытындылады.

Бұл туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Алматы қалалық филиалының басшысы Тілеухан Әбілдаев хабарлады. Мониторинг нәтижесінде Алматы қаласы бойынша 75 мың қызмет түрлі кемшіліктермен көрсетілгені анықталды. Осыған байланысты қаладағы емдеу мекемелеріне 1,8 млрд. теңге айыппұл салынды.

ӘМСҚ Алматы филиалы директоры Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, кемшіліктің басым бөлігіне бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдары жол

берген. Емханалар көрсеткен қызметтен 60 мың кемшілік анықталып, 194,6 млн. теңге қайтарып алынды.

Сонымен қатар, ақаумен көрсетілген 15 мың қызмет – стационарлар мен стационарды алмастыратын көмек ұйымдарына тиесілі. Олар аталған кемшіліктер үшін 1,6 млрд. теңге айыппұл төледі.

«Мониторинг кезінде анықталған кемшіліктердің дені емдеу-диагностика барысында белгіленген стандарттардан ауытқу, медициналық құжаттарды дұрыс толтырмау, қызмет бағасын негізсіз өсіру сынды олқылықтарға саяды. Сонымен қатар, «көрсетілді» деп жазылған белгілі бір қызмет түрлерінің шын мәнінде көрсетілгенін растай алмаған клиникалар да бар», – деді Тілеухан Әбілдаев.

ӘМСҚ тарапынан көрсетілген медициналық қызметтердің сапасына тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі. Тиісінше, қаржыландыру мұқият бақылаудан кейін жүзеге асырылады. Төлемнен алынған қаражат кейіннен медициналық көмекті қаржыландыруға бағытталатын болады.



(Басы 1-бетте)

Киелі тәуелсіздігіміз бен ұлттық тұтастығымызға тұтқиылдан төнген бұл қатерлі қауіп кім-кімді де алаңдатып, біраз әбіржіткені рас.

Алдымен төтенше жағдай жарияланып, артынша жүріс-тұрыс шектеліп, ғаламтор бұғатталғандықтан тылсым әлемге түскендей, бейбіт өмір мен тыныштықтың қадірін шын түсінгендей болдық. Тек ақпараттық «аштықтан» аласұрдық. Төрт қабырғада қамалып, қапас күйде ара-тұра қолға түскен хабарламаларды зерделеп, орын алған оқиғалардың себеп-салдарын топшылауға тырыстық.

Сол сәт Мұхтар ақынның әйгілі дастанындағы «алты ай бойы ерлік салтқа төрін берген, алты ай бойғы алапатта жеңілмеген, алты-ақ күнде жермен-жексен қираған Отырардың» тағдыры ойға оралды.

Отыз жыл бойы әлем елдері үшін татулық пен келісімнің Отаны, бейбіт өмірдің өнегесі болып келген Қазақ Елі екі-ақ күнде бүлікшілердің құрсауында қалды. Неге?

Осы сауал күні бүгінге дейін көкейде тұр.

құжаттармен бірге соғыссыз тастап кеткенін қалай түсінеміз? «Жағдай ушыққан сәтте құқық қорғау органдары әскерлерінің бірыңғай іс-қимыл жоспары болған жоқ. Бәрінде абдырау, жаңылысу болды. Олар жауапкершілікті мойнына алуға қорықты. Өйткені, Жаңаөзендегі оқиғадан соң мұндай жағдайларда тәртіп сақшыларын бұғаулаған заңдар қабылданған болатын. Мен жауапкершілікті өз мойныма алдым. Иә, жұрт қорқып кетті. Алайда, мен үшін мемлекет пен азаматтарымыздың қауіпсіздік мүддесі бәрінен жоғары», – деді Президент.

Ақиқатын айтайық, тәуелсіздік дәуірінің 30 жылы ішінде елімізде қол жеткізген жетістіктеріміз ауыз толтырып айтарлықтай. Олар жөнінде көп айтылып, мол жазылғандықтан атын атап, түсін

мемлекеттің байлығын бүкіл халықтың игілігіне жаратуға бағдар алды, оларды кезең-кезеңмен шешуге уәде берді. Нәтиже көп күттірмесі анық. «Тұрғындардың тұрмысын жақсарту түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімінің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдар сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын», – деді Президент.

Солай болды да.

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҰЛЫҚТАУ

Мемлекет басшысының жанынан елдегі барлық саяси күштерді топтастырған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды. Кеңес билік пен халық үндестігінің өзегіне айналды. Үш жылға



Төрехан
ДАНИЯРОВ

КАТЕР МЕН ҚАСІРЕТ

2022 жылғы қаңтар айының алғашқы аптасы тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең қатерлі де қасіретті кезең болып таңбаланады сөзсіз.

Бейберекет аласапыран дүрбелеңде алаңсыз бейбіт шеруге шыққан, көшеде жолаушылап жүрген, Отан алдындағы азаматтық парызын өтеуге бұйрық алған жасы бар, жасамысы бар қаншама азаматтарымыз оққа ұшып, қабырғамыз қайысты. Сол бір қасіретті күндері құрбан болған марқұмдардың отбасына, жақындарына тағы да көңіл айтамыз. Күні кеше ғана еліміздің барлық мешіттерінде, ұлтым деген әр шаңырақта қаңтар оқиғасы кезінде қайтыс болған азаматтардың рухына арнайы Құран бағышталды. Қабыл болсын дейік. Елордадағы Хазірет Сұлтан мешітіндегі рәсімге қатысқан Президент «Мемлекет қаралы шаңырақтарды қараусыз қалдырмайтынын, қайтыс болған азаматтардың отбасыларына қаржылай көмек көрсетуді тапсырғанын» айтты.

Иә, сұрқай сейсенбі мен сұрапыл сәрсенбідегі қанды қырғынға назалы ой сананы қамшылап, көңілді небір уытты сауалдар мазалайды.

Батыс әлемінің сұрқия саясаткерлері үшін бұл – демократия.

Бірақ демократия дегеніміз «қасіретті қаңтардағыдай» шектен шыққан жүгенсіздік емес!

Біз үшін бұл – ұлт трагедиясы, нағыз қасірет.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұстанымы – дамудың демократиялық моделі болғандықтан, ол билікке келгенде қоғамды бір серпілтікені рас. Жаңа Президент бірден митингтер туралы заңнаманы жетілдіру қажеттігін алға тартты. Қазақстан халқына алғашқы Жолдауында-ақ Ата Заңға сәйкес азаматтарымыздың өз ойын еркін айтуға құқығы бар екенін, егер бейбіт акциялар заңның шеңберінен шықпайтын болса және азаматтарымыздың тыныштығын бұзбайтын болса, бұған түсіністікпен қарап, жиындарды өткізу үшін арнайы орын бөлу қажеттігін, онда да мұндай орындар қаланың шетінде болмауы керектігін шегелеп айтты. Демократия деген желеумен қоғамға іріткі салатын әрекетке жол берілмейтінін де негіздеп берген сонда.

Сондықтан әрбір азамат сөз бостандығы мен демократияның мән-мағынасын дұрыс түсінгені абзал.

Жүгенсіздіктер орын алған жағдайда интернеттің бұғатталуы заңдылық, мұны қарапайым адамдарды фейктік ақпараттармен арандатудан қорғайтын қажеттілік деп түсіндік.

Оқ пен оттың ортасында жүрген әріптестеріміздің телеарналар арқылы берілген ресми ақпараттарынан, смартфоннан куәгерлердің әлеуметтік желілердегі бейнежазбаларынан содырлардың сойқан сотқарлықтарын, басбұзарлардың небір қанішерлік әрекеттері мен зұлымдықтарын көріп, жаға ұстадық.



Жасөспірім жауынгерлерді топтасып тепкілеп жатқан лаңкестерге лағнет айттық.

Ғимараттарды өртеп, мұқтаждарға көмекке ұмтылған өрт сөндіру мен жедел жәрдем көліктеріне шабуыл жасап, көшеде кетіп бара жатқан жекеменшік көліктерді тоқтатып, жүргізушілерін сыртқа шығарып алып, аяусыз сабап жатқан бұзақыларды іштен тына сыбадық.

Жоқ, бұларды бейбіт шерушілер деуге қисын келмейді...

ҚАУІПСІЗДІК – БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ

Өкініштісі сол, мемлекетке қауіп төндіретін сын-қатердің кез келген қиындығына төтеп беру міндеттелген елдің кейбір күштік құрылымдары мұндай зұлымдық әрекеттердің алдын алуға, оған қарсы тұруға дайын болмағаны екіұшты ойға жетелейді. Бұл билікке саботаж ба, әлде сатқындық па?

Президент айтқандай, Ұлттық қауіпсіздік комитеті құзырлы орган ретінде мемлекетке төнген бұл қауіптің алдын алмағаны былай тұрсын, бірқатар қалада тіпті ҰҚК департаментінің басшылары жеткілікті әскери арсенал болғанына қарамастан, қызметтік ғимараттарды ондағы қару мен құпия

түстеп тізбектеп жатудың қажеті болмас.

Дегенмен, жасампаздық жылдар деп аталған осы кезеңде қоғамда, әсіресе әлеуметтік-тұрмыстық салада ел тәуелсіздік алғалы бері шешімін толық таппаған түйткілдер мен қордаланып қалған өзекті мәселелер қатары да тым жетерлік еді.

Отыз жыл бойы Қазақстанды басқарған Нұрсұлтан Назарбаев өз өкілеттігін тоқтатқаннан кейін, Ата Заңға сәйкес ел тізгінін қолына алған Қасым-Жомарт Тоқаев сайлауалды бағдарламасына қазақ қоғамын алаңдатқан сол мәселелерді арқау еткені жүректі толқытты, көңілге үміт ұялатты. Ол реформатор ретінде саяси трансформациясыз Қазақстанның табысқа жете алмайтынын жақсы білді. Өзі The Wall Street Journal басылымына берген сұхбатында тұжырымдағандай, «саяси реформаларсыз экономикалық реформалар ілгерілемейді».

Жасыратыны жоқ, қоғамда күні бүгінге дейін шешімін халық көптен күтіп жүрген қарапайым мәселелер аз емес еді. Президенттің әділетті қоғам құруға, азаматтардың табысын арттыруға, тұрмысын жақсартуға, жемқорлықты түбірімен жоюға, жастарды мемлекеттік басқаруға араластыруға, жұмыссыздарды жұмыспен қамтуға, өңірлерді дамытуға,

жуық уақыт ішінде билік қоғамдық ортада пікірталасқа түсіп, көптен шешімін таппай жүрген бірқатар өзекті мәселелердің нүктесін қойды. Ұлттық мүдделер ұлықталды. Мәселен:

• **Қазақтың жері шетелдіктерге сатылмайды.** Талай жылдан бері қазақ халқының «бас ауруына» айналған жер дауы біржола шешілді. Президент шетелдіктерге Қазақстанда ауыл шаруашылығына арналған жерлерді сату немесе жалға алуға тыйым салды. «Халқымыз үшін жер мәселесі қашанда аса маңызды. Бұл – мемлекеттігіміздің берік негізі және қасиетті символы. Қазақтың жері шетелдіктерге сатылмайды деп бірнеше рет айттым. Бұл мәселеге қатысты қауесеттерді тоқтату қажет», – деді Мемлекет басшысы.

• Бұдан бөлек, **қос азаматтық алуға тыйым салынды.**

• Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға, сондай-ақ көпбалалы аналарға берілетін **жәрдемақы мен ең төменгі жалақы көлемі өсті.** Дәрігерлер мен ұстаздар еңбегі де ұлықталды, құрметтелді.

• Бірқатар әлеуметтік санаттағы азаматтардың (көпбалалы, мүгедек баласы бар, асыраушысынан айырылған отбасылар, атаулы әлеуметтік көмек



алушылар және жетім балалар) қарыз жүктемесін жеңілдету қарастырылды. Шарт бойынша несиең көлемі 300 мың теңгеге дейінгі қордаланған негізгі қарызы мен соған есептелген сыйақысын мемлекет өз мойнына алды. **Мұқтаж адамдар қамқорлыққа бөленіп, оларға жан-жақты көмек, қолдау көрсетілді.**

• Президент Үкіметке «**ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ**» қағидаты бойынша жұмыс істеуді аманаттады.

ҚОСАРЛЫ БИЛІК – ХАЛЫҚҚА ҚИЯНАТ

Бұл жерде көпшіліктің көкейінде әбден «қатталған» мына бір мәселені айтпай кетпеуге болмас. 2019 жылғы билік транзитінен кейін кешегі «қаңтардың қасіретті күндеріне» дейін

наразылығын күшейтті. Үкіметтен көкейтесті әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуді талап еті, митингке шыққан маңғыстаулықтардың үндеуін ел көлемінде қолдаушылар қарасы сағат сайын өсе түсті.

Үкіметтің шарасыздығын бағамдаған Мемлекет басшысы төрелікке тікелей өзі араласты, митингке шыққан азаматтардың газ бағасына, азық-түлікке, коммуналдық төлемдерге қатысты талап-тілектерін оң шешуді міндеттеді. Алайда, дұрыс шешім қабылдай алмаған жалтақ үкіметтің салғырттығынан жағдай одан әрі ушығып, мұның соңы қаңтар қасіретіне алып келді. Өкінішке орай, бұл кезде лаңкестер мен арандатушылардың айтақтауымен әлеуметтік-тұрмыстық талаптарға негізделген шерулер еліміздің басқа да аумақтарын шарпып үлгерген еді...

оқиғаларды мұқият зерттей отырып, айтарым: жыл басынан бері орын алған барлық жағдайлар – бір тізбектің тармақтары деуге толық негіз бар. Ашығын айтсақ, бұл бірнеше жыл бойы алдын ала ойластырылған зұлымдықтың көрінісі. Олардың көздегені – өздерінің қатыгез ниеттерін іске асыру болғаны айдан анық», – деді Президент.

Жас тәуелсіз мемлекеттің бүгінгі жетістіктерін көре алмай, сырттан көз алартып жүрген сұғанақтар мен шеттегі күштер мемлекеттік төңкеріс жасап, елді бөлшектеуді көздегені анық. Осы ретте кейбір сарапшылардың «бұл нағыз ұлттық сатқындықтың, ұлтқа опасыздықтың көрінісі» деген тұжырымы да шындыққа саятындай. Егер бізде сонау бір жылдарда көршілес қырғыз еліндегі **Ақаев сценарийі қайталанса**, елде

бойындағы бизнес нысандарына, жеке және қоғамдық көліктерге шабуыл жасап, қарақшылық жасаған.

БЕС АНЫҚ

Міне, айдың-күннің аманында елдің оңтүстік төрін бүлікшілер билеп-төстеп, осындай алапат ойран белең алғанда, барлық өңірлерді дүрліктірген дүрбелеңде Мемлекет басшысы бүкіл билік тізгіні мен жауапкершілік жүгін толыққанды өз мойнына алып, дұрыс шешімдер қабылдай білгенін айтқан жөн.

Біріншіден, содырлардың зансыз әрекеттерін қатаң айыптап, **биліктің құламайтынын, сын сағатта халықпен бірге болатынын** мәлімдеді. Қасіретті күндерде күні-түні резиденциясында болып, елдегі жағдайды бақылап, шұғыл шаралар ұйымдастырды. Жағдай ушығып бара жатқаннан кейін Төтенше жағдай енгізу туралы шешім қабылдады.

Екіншіден, халыққа арнаған Үндеуінде мемлекетіміздегі ең жоғары лауазымды тұлға және Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы ретінде дербес шешім қабылдайтынын мәлімдеді. «Бұзақы топтардың әрекеттері жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын көріп отырмыз. Бұл қаржыландырылған бүлікшілердің жан-жақты ойластырылған жоспары екенін дәлелдейді. Бұл – қаскөйлердің қитұрқы әрекеті. Сондықтан Мемлекет басшысы және бүгіннен бастап Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы ретінде барынша қатаң әрекет етемін. Бұл – өмірін қорғап қалуға өтініш білдірген көптеген азаматымыздың қауіпсіздігіне қатысты мәселе. Бұл – мемлекетіміздің қауіпсіздігіне тікелей қатысты. Халық мені қолдайтынына сенімдімін. Қандай жағдай болса да мен елордада боламын. Халықпен бірге болу – менің Конституциялық міндетім», – деп қадап айтты. Осы сөзі арқылы елді жайлай бастаған хаостық дүрбелеңнің жолын кесті, бұқаралық үрейге жол бермеді. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін қайта құру және нығайту шараларын қарастырып, халықтың, қоғам мен мемлекеттің қорғалу деңгейін арттыруға күш салды. Ұлттық қауіпсіздік жүйесін реформалауға бағытталған нақты шешімдер қабылдады.

Үшіншіден, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа сүйене отырып, ҰҚШҰ мемлекеттерінің бітімгерлік күштерін Қазақстанға көмекке шақыруы – дер кезінде дұрыс қабылданған ұтқыр шешім. Бұдан сәл кешіккенде Қазақстан аумағында елдегі жағдайды тағатсыздана жіті бақылап отырған ауған содырлары да бой көрсетер еді деген болжам айтады сарапшылар.

Осы мәселеге қатысты бастапқыда түрлі жаңсақ пікір болғаны рас. ҰҚШҰ контингентінің ел аумағына келуі тәуелсіздіктен айырылудың басы деген пікірлер де болды. Шынтуайтына келгенде, Қазақстан – бұл ұйымның толыққанды құрылтайшысының бірі. Сондықтан елдегі қиын жағдайға байланысты ұйымның барлық мүшелерінен жасақталған бітімгершілік контингенті Қазақстанға уақытша мерзімге ғана келіп, ұжымдық қауіпсіздік мәселелерімен айналысты. Бітімгерлік күштердің негізгі миссиясы – Қазақстандағы стратегиялық нысандарды күзету және ақыл-кеңес беріп, қолдау көрсету. Ал еліміздегі стратегиялық нысандарды ҰҚШҰ әскерилері қорғағандықтан, қарулы күштеріміз тікелей лаңкестік топтар көп шоғырланған нүктелердегі қылмыскерлердің көзін жоюға мүмкіндік алды. Ал жағдай тұрақталған бойда ҰҚШҰ миссиясы аяқталып, контингент әскерлері елдеріне қайтқаны белгілі.

Төртіншіден, Президенттің халық үніне құлақ асып, **Үкіметті бірден доғарысқа (отставкаға) жіберуі – соңғы отыз жылдық тарихта болмаған теңдессіз жағдай. Билік халыққа бұрылды.**

(Жалғасы 6-бетте).

ДҮРБЕЛЕНІ

Жаңа Қазақстанға бетбұрыс



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

елімізде екі институт – Елбасы және Президент билігі қатар өмір сүріп келді. Бәлкім содан да болар, саяси кеңістікте көпке дейін қайшылыққа толы долбарлар айтылып жүрді. Қосарлы билік – халыққа қиянат. Ол бойкүйездікті, жалтақтықты, күдік пен күмәнді қалыптастыратыны белгілі. Соның салдарынан Мемлекет басшысының тапсырмалары Үкімет тарапынан уақытылы орындалмады, нақтылы шешімдердің қабылдануы да кешеуілдей берді. Маминнің үкіметі Президент аманатына қиянат жасағаны аян. Шындығы сол, сенім үдесінен шыға алмай кәсіби біліксіздік танытты. Бұның бір дәлелі және Мамин үкіметінің басты қателігі – еліміздің батыс өңірінде сұйытылған газ бағасының кенеттен қымбаттауына жол беріп алды. Ұшқыннан жалын лаулаған тұс осы болды.

Бәрі де газ қымбатшылығына наразылық танытып, негізсіз өскен бағаны төмендетуді талап еткен қараша халықтың 2 қаңтардағы бейбіт шеруінен басталды. Материалдық жағдайы нашарлаған халық наразылық білдіріп, талап-тілектерін үкіметке жеткізу үшін бейбіт митингке шықты. Әлеуметтік сипаттағы талаптардың соңғы жылдары әбден жинақталып қалғанын ешкім жоққа шығара алмас. Бұл көңілі онсыз да жарымжан жүрген халықтың

АЛАСАПЫРАН АПАТ АЛАҢЫ

4-5 қаңтарда бір мезгілде бірқатар аймақтарда бейбіт митингке шығушылар арасына қаруланған белгісіз содырлар, лаңкестер мен бұзақы топтар қосылып, дүние әп сәтте астан-кестең болғанын көз көрді, құлақ естіді.

Күні кеше ғана тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойының сән-салтанатына бөленіп, ажарланып тұрған алып шаһар – Алматы екі-ақ күнде аласапыран апат алаңына, қантөгіс аумағына айналғаны жанға батты. Түптеп келгенде, бұл, киелі құндылығымыз – Тәуелсіздігімізге жасалған қастандық!

Мемлекет басшысы атап өткендей, бұл еліміздің конституциялық құрылысына нұқсан келтіріп, мемлекеттік төңкеріс жасау мақсатымен Қазақстанға шабуыл жасаған халықаралық лаңкестер мен бұзақылардың мұқият дайындаған операциясы еді. «*Өкінішке қарай, бүгінде халық арасында осы оқиғаларға байланысты түрлі қарама-қайшы, шындыққа жанаспайтын жалған ақпараттар тарап кеткенін көріп отырмыз. Мұның, әрине, бірнеше себептері бар: кейбір азаматтарымыз ақуалды егжей-тегжей білмей тұрып, қате пікірде болса, кейбірі әдейі ақпаратты бұрмалап, жағдайды одан бетер ушықтырады. Бірақ бізге керегі – тек ақиқат қана. Сол себепті,*

нағыз хаос орнар еді. Жүгенсіздік пен опасыздық қамытын кигендер қарапайым тұрғындардың бейбіт шеруін өз мақсаттары үшін пайдаланбақ болды. Митингке шыққан тұрғындар арасына сынапша енген арандатушылар мен лаңкестердің, террорлық әрекеттің айла-тәсілін шебер меңгерген содырлардың бүкіл ел бойынша жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдастырып, билікті басып алуды алдын ала ойластырғанын олардың зұлымдық әрекеттері айғақтап тұр.

Қаңтар оқиғасын ой-сүзгіден өткізіп, куәгерлердің әңгімесіне зер салсақ, агрессияны ұйымдастырушылардың алдын ала дайындықтан өткендігін пайымдаймыз, оларда қару да, бір-бірімен қашықтан байланыс ұстауға арналған рация-құрылғылар да болған, әрбір іс-қимылдарын межелеп, кеңесіп отырған. Содырларға түрлі ағаш, темір-терсекпен қауланған бұзақы топтар да қосылған. Лаңкестер жолындағының бәрін қиратып, өртеп, қоғамдық тәртіп сақшылығында тұрған, жастары небәрі 18-19-ға толған өрімдей жап-жас, қарусыз курсанттарды және өздерінің қатарына қосылудан бас тартқан бейбіт шерушілерді аяусыз ұрып-соққан. Мемлекеттік мекемелерге, құқық қорғау органдарының ғимараттарына, жол



ҚАҢТАР ДҮРБЕЛЕҢІ

«Қанды қырғын» сабағы: Жаңа Қазақстанға бетбұрыс

(Басы 4-5-беттерде)

Адами капиталға, экономикалық секторға, әлеуметтік салаға басымдық берілді. Президент тапсырмасымен жаңа Үкімет талай қазақстандықтарды алаңдатқан утильдік алым жинауды ретке келтіретін болды. «Оператор РОП» жеке компаниясының қызметі тоқтатылды. Салықтық текетірістің тағы екі ошағы – Қорғас кедені мен «Алтын Орда» базары қатаң бақылауға алынып, тексеріс жүргізілуде. «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң» қабылданбақ. Бұл заң қабылдана несиеленушілердің жалғыз баспанасынан айырылуына, бала-шағасымен далада қалуына жол берілмейді. Мемлекет ішіндегі мемлекетке айналған «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қорын реформалау да күн тәртібінде тұр. Квазимемлекеттік сектор түбегейлі өзгереді деген үміт бар. Ауыл шаруашылығы саласында субсидияның әділ әрі ашық түрде берілу ережелері қаралмақ. Ол қолжетімді болуы керек. Күзге қарай саяси реформалар басталмақ. Екі айдың ішінде Үкімет халықтың тұрмысын жақсарту бағдарламасын қабылдауы тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша **«Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қоры құрылды. Бұл жобаның ешбір мемлекеттік органға қарамайтын, дербес, нағыз халықтық сипатта болатыны құптарлық.** Қордың қызметі мен бюджеті халық үшін ашық болады. «Қазақстан халқына» қорына еліміздегі ірі бизнес нысандары, ауқымды компаниялар мен ауқатты тұлғалар жүйелі түрде аударым жасап тұруы тиіс. **Президент айтқандай, халықтың өзіне тиесілі үлесін алатын кезі жетті.**

Қордың міндеті: денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларында мемлекеттік қолдау шараларынан тыс қосымша қамтамасыз ету мәселелері бойынша ел халқына қайырымдылық көмек көрсету; төтенше жағдайлар кезінде және төтенше жағдай режимін енгізу кезінде Қазақстан Республикасының зардап шеккен халқына көмек көрсету; халықтың әлеуметтік осал топтары және осал топ балаларына спорттық инфрақұрылымның дамуы және қолжетімділігін арттыру бойынша жәрдемдесу; Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау кезінде қаза тапқан құқық қорғау органдары, арнайы органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің отбасыларына және басқа да көмекке мұқтаж жандарға қолұшын созу, қолдау; Қор қызметінің басқа бағыттары бойынша қайырымдылық көмек көрсету.

Отандық ірі бизнес өкілдерімен кездесуде Президент халықтың ашу-ызасын туғызып жүрген бірқатар өзекті мәселелерді дөп басты. Аз ғана элиталық топтар ықпалының артуы және халықтың басым бөлігінің табысының азаюы қауіпсіздікке айтарлықтай қатер төндіргенін атап өтті. Бұл қоғамның экономикалық, әлеуметтік, содан кейін саяси бөлінуіне әкеп соқтыруы мүмкіндігін ескертті. Жиында ұлттық табыстың әділ бөлінуі бойынша теңгерімсіздік пен проблеманың бар екені айтылды. Президенттің пайымдауынша, бүкіл қоғамдық тыныс-тіршілікті түбегейлі трансформациялау міндеті тұр. Қазақстан байлығының жартысы 162 адамның ғана қолында екенін, халықтың жартысының айлық табысы 50 мың теңгеден



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

аспайтынын, мұндай ақшамен өмір сүру мүмкін еместігін, бұлай жіктелу мен теңсіздіктің қауіпті екенін айтып, халық игілігі үшін жағдайды дереу өзгерту қажеттігіне маңыз берді. **«Елбасының арқасында өте бай адамдар пайда болды, енді олардың халыққа көмектесетін кезі жетті»,** – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент әлеумет айтып жүрген «миллиардтар жеке қалталарға емес, мемлекет қазынасына құйылуы тиіс» деген қағидатты орындауға пәрмен берді.

Бесіншіден, құқық қорғау органдары мен армияға ескертусіз оқ атуға бұйрық берілгендіктен, бейбіт тұрғындар арасынан көп адам қырылып қалды деген тұжырым негізсіз. Өйткені, «қаңтар қырғынының» негізгі оқиғалары – лаңкестер зұлымдықпен ойран салған 4-5 қаңтар күндері орын алды. Ал бұған дейін күн сайын дерлік мемлекеттік телеарналар арқылы ел алдына шығып, Үндеу жариялап, қылмыстық әрекетке бармауға, сабырға шақырып келген Президент, қаныпезерлердің шектен шыққан жойқын жауыздықтарын көргеннен кейін ғана, тек 7 қаңтар күні содырларға қарсы ескертусіз оқ ату туралы бұйрық бергені белгілі. Оқиғалар хронологиясына жүгінсек, сол күні түскі сағат екі жарымда Қазақстан халқына кезекті Үндеуінде Президент: **«Террористер мемлекеттік және жеке азаматтардың дүние-мүлкіне әлі де залалын келтіріп, азаматтарға қарсы қару қолдануда. Құқық қорғау органдары мен армияға ескертусіз оқ атуға бұйрық бердім. Күштік құрылымдар бұл міндетті моральдық және техникалық тұрғыдан орындауға дайын»,** – деді.

Егер содырлардың қанқұйлы әрекеттеріне қарсы осылайша шұғыл шара қолданылмағанда, қазіргі қолда бар деректерден де көп бейбіт тұрғындар зардап шегіп, тәуелсіздігімізге қатер төнгендей еді. Президенттің бел шеше араласуынан кейін ғана еліміздің күштік құрылымдары іске кірісіп, лаңкестермен күрес шаралары басталды. Олардың жанкешті іс-қимылының арқасында төңкеріске жол берілген жоқ, антитеррорлық операция табысты аяқталып, құқықтық тәртіп қалпына келтірілді.

Ендігі басты мәселе – қауіптің бегі қайтқанмен де, бәріміз бұл қасіретті де қатерлі дүрбелеңнен сабақ алуымыз керек. Әлбетте, билікті күшпен басып алу мақсатында террорлық агрессияны ұйымдастырған кінәлілер анықталып, жауапкершілікке тартылары сөзсіз. Тек әрбір қаралатын іс бойынша тергеу-тексеру жұмыстарды ақиқат заңдылығына негізделіп жүргізілгені жөн, жазықсыз азаматтар зардап шекпеуі тиіс. Бұл туралы Мемлекет басшысының позициясы да айқын, күштік құрылымдармен өткізген жиналыста ол бейбіт тұрғындарды қудаламау туралы тапсырма берді және жауапкершілікті ауырлататындай жағдайлар болмаса, жазаны жеңілдету қажеттігін ескертті. Жалпы, қаңтардағы қақтығыстың себеп-салдары әділ әрі ашық зерттелгені абзал.

Қалай болғанда да, осынау сын сағатта Президенттің жеке басына төнген қауіптен тайсалмастан, елдегі ахуалды тұрақтандыру жолында ұтқыр қадамдарға барғаны бәрімізді жігерлендірді. Ол биліктің барлық тармағының жұмысын үйлестіріп, Қазақ Еліне қарсы жоспарланған террорлық агрессияға тойтарыс беру шараларын біліктілікпен ұйымдастыра білді, сөйтіп қыл үстінде тұрған елдігімізді, мемлекеттік тәуелсіздігімізді қорғап қалды.

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН» ИДЕЯСЫ

2022 жылғы «қаңтар дүрбелеңін» ел болып еңсеріп, ес жиғанда қазақ даласында жаңа күн, Қазақстанның жаңа даму кезеңі басталғанын сезіндік. Қасым-Жомарт Тоқаев жалпақ жұртқа **«Жаңа Қазақстан»** идеясын жариялады. Бұл кезең еліміз үшін шынайы жаңару дәуірі болмақ. **«Біз осындай қиын жағдайда ел бірлігінің арқасында мемлекетіміздің қауіпсіздігі мен тұтастығын сақтап қалдық. Қазір Үкіметтің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру, азаматтардың табысындағы алшақтықты азайту және еңбек етуге қолайлы жұмыс орындарын ашу. Бәріміз елдің игілігі үшін қызмет етуге тиіспіз. «Жаңа Қазақстанды» құру үшін түсінікті әрі әділ мемлекеттік саясат жүргізілуі**

керек. Бұл саясат шенеуніктердің жөнсіздігіне жол бермейді. Бәсекеге және технологияға негізделген экономиканы қалыптастырады. Сонымен бірге, жеке меншікке, адамның құқықтары мен бостандығына қол сұғылмауына заң үстемдігі арқылы кепілдік береді, – деді Мемлекет басшысы. Жаңа Қазақстанды бірге құруға шақырды.

Бұл мақсатқа жету үшін ұлттық рухты жаңғыртатын ұлттық идеологияны қалыптастырудың маңызы зор болмақ. Қазіргідей өркениеттілер әлемінде мемлекет бір адым ілгері басу үшін сауатты саяси, әлеуметтік-экономикалық бағдармен қоса мықты мемлекеттік идеология аса қажет. Егемендігімізді еншілеуде, тәуелсіздігімізді тұғырлатуда және нығайтуда Толағайдың жүгін көтеріп жүрген дәстүрлі ұлттық журналистиканың тағдырына маңыз берген жөн. Нарық заманы басталғалы қыспаққа түсіп, өлместің күнін көріп келе жатқан қазақ газеттері мен журналдарына, ұлттық теле-радио арналарына әлеуметтік-материалдық қолдау көрсетілсе, ұлттық идеология да жанданары сөзсіз. Дәстүрлі журналистика жетпіс жыл бойы кеңестік империя идеологиясының қуатты құралы болып келді. Ол дәуірде қазақ газеттері әр өңірге, ауыл-ауылға тарады. Сол кездің өзінде ұлт жанашыры болған журналистер қауымы «кеңестік міндетті насихат» аясында астарлап болса да ұйқыдағы қазаққа ұлттың үнін, салт-дәстүрін, ұлы тұлғаларын, бабалар Заңын, Алаш идеясын жеткізіп отырды. Ұлы Дала елінің тілін, тұмшаланған ділі мен дінін, руханиятын, жыл басы – Наурызын өмірмен етті. Бүгінгі жаһандану кезеңінде де тәуелсіз Қазақ Елі үшін бұл мәселелер өте өзекті. Сондықтан мемлекеттің сөзін сөйлеп, ұлттың үнін жеткізіп, болашағын ойлайтын ұлттық дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік саясаттың маңызды буыны ретінде қарастырылуы тиіс. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, газет халықтың көзі, құлағы, һәм тілі! Ұлттық баспасөз ең алдымен тәрбие құралы. Осы орайда бізге бірінші кезекте ұлттық идеология кеңістігіндегі позицияларымызды мықтап нығарлап алу қажет деп санаймын. Бүгінде әлеуметтік желілердегі фейк ақпараттың көптігінен оқырман қажетті талдамалы журналистика бағытындағы материалдарға қол жеткізе алмайды. Болашақ журналистерді пост, смс, ақпараттық жанрдағы бес-алты сөйлемнен құралған дүниелерден гөрі ой талғамы терең, айтар сөзі мазмұнды, талдамалы материалдарды жазуға ынталандыра түсетіндей жұмысты реттеу қажет. Өйткені, БАҚ-тың басты қызметі – қоғамды ақпараттандыру, ағарту, тәрбиелеу екендігін ескерер болсақ және негізгі миссиясы немқұрайдылық танытпай, мемлекеттің рухани келбетін арттыруға атсалысу болса, ол үшін мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға бөлінетін қыруар бюджет қаржысын тапсырыспен бөлу саясатын қазақ баспасөзінің мүддесін ойластыра қайта қарау қажеттілігі бар, деген пікірдемін.

Болашақта, Президент тұжырымдағандай, еліміздің әлем картасында егемен ел ретінде қуатты мемлекетке айналатынынан біз де үміттіміз. Бүгінгі мақсат та белгілі – сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру. Демек, жемқорлықсыз Жаңа Қазақстанды құру – өз қолымызда. Бұл – әрқайсымыздың, әрбір қазақстандықтың әлеуметтік жауапкершілігі әрі азаматтық парызы.



● ПРЕЗИДЕНТ



ҰЛТТЫҚ БАНК ЖОСПАРЫ БАҒАМДАЛДЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматовты қабылдады. Бұл туралы Ақорданың ресми сайты хабарлады.



**Серік
ЖҰМАБАЕВ**

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банктің 2022 жылға арналған жоспарымен танысты. Мемлекет басшысына инфляцияны болдырмау жөніндегі ақша-кредит саясатының іске асырылу барысы, сондай-ақ сыртқы және ішкі секторлардағы негізгі

тәуекел-қатерлерді ескере отырып, бағаның өсуін тұрақтандыруға бағытталған Ұлттық банктің жоспары жөнінде баяндалды.

Президентке валюта және ақша нарықтарындағы ахуал, елдің алтын валюта резервтерінің жай-күйі, сондай-ақ былтырғы төлем теңгерімін алдын ала бағалау туралы есеп берілді.

Ғалымжан Пірматов Ұлттық банктің негізгі мандаты саналатын қаржы және баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған ақша-кредит саясатының тиімділігін одан әрі арттыру жөніндегі пайымы мен жоспарын ұсынды.

Президент Ұлттық банктің 2022 жылға арналған жоспарымен танысқаннан кейін бірқатар нақты тапсырма берді.

● МЕДИЦИНА

ЖОЛДАМА АЛУДАҒЫ ӨЗГЕРІС Арнайы мамандардан көмек алу жолы жеңілдейтін болады

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі амбулаториялық деңгейде көмек көрсету жолдарына өзгеріс енгізбек.

маманнан консультациялық-диагностикалық көмек алуға рұқсат береді:

- науқастың жағдайы төмен не жарақаты болса, оның ішінде офтальмологиялық, оториноларингологиялық

жағдайларда да;

- шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек көрсету жағдайында;
- дерматовенерологиялық бейіндегі ауру жағдайында;
- бекітілген аймақтағы акушер-гинеколог пен психолог қабылдауында;
- онкологиялық не гематологиялық ауруға шалдығу күмәні болған жағдайда;
- жастар денсаулық орталықтарына;
- бір мәселе бойынша маманға екінші рет

жолыгу жағдайында;

- жылжымалы медициналық кешендерден көмек алу жағдайында;
- Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің орынбасары Гүлнар Сәрсенбаева жолдама беруші дәрігердің барлық санаттағы науқастарға жан-жақты көмек беруі үшін медицинаның салалық негіздерін жақсы білу қажет екенін айрықша айтып өтті.

Досбол АТАЖАН.



«100 күн – 100 сұрақ» жобасы аясында келіп түскен өтініш-арыздарды ескере отырып, министрлік арнайы медициналық көмек алуды жеңілдету жолында жұмыс бастады.

Денсаулық сақтау министрлігі «Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту» туралы бұйрықтың жобасын дайындады. Бұйрық төмендегідей жағдайларда бекітілген жалпы практика дәрігерінен жолдама алмай-ақ, арнайы

● САРАПТАМА

ДОЛЛАР «ДОЛДАНҒАНДА» ТЕҢГЕ «ТЕҢСЕЛЕДІ»

алайда, ұлттық валютаның тағдырына ел сенеді

Өткен аптада ұлттық валюта әжептәуір нығайып, доллар бағамы 426,1 теңгеге дейін түсті. Қазіргі бағам – 429,1 теңге. Қаңтар оқиғасынан кейінгі ел экономикасына үлкен шығын әкелген қаржылық-экономикалық жағдайдан соң халықтың мұндай жаңалықты күтпегені анық. Тіпті, соның алдында біраз жұрттың банктегі салымдарын жаппай долларға айналдыра бастағаны да өтірік емес болатын.

Қос мәрте девальвациядан үрейі ұшып қалған халықты, әлбетте, түсінуге болады. Бірақ ақпанның екінші аптасында теңгеге «жан біте» бастады. Ұлттық валюта екі айлық әлсіреуден соң қаңтар айында 0,11 пайызға нығайды. Қазақстан жағдайында ұлттық валюта тағдырының тікелей мұнай бағасына байланысты екені белгілі. Қаңтар айында мұнай бағасы бақандай 17 пайызға көтеріліп, бренд маркалы мұнайдың 1 баррелінің құны 91,2 долларға жетті. Бұл – 2014 жылдың қазанынан бергі елеулі көрсеткіш. Оған ОПЭК-тің мұнай өндіруді біршама азайтқаны әсер етті.

Соңғы теңгенің нығаюына әсер еткен факторлардың бірі – мұнай нарқымен қоса Ұлттық Банктің интервенциясы. Атап айтқанда, өткен жылдың қараша және желтоқсан айларында жалпы көлемі 491 миллион доллар интервенция жасалынды. Оған қаңтардың орта шеніндегі 240 миллион доллар интервенцияны қоссақ, мәселе өз-өзінен белгілі болмақ. Валюталар бағамына саяси оқиғалардың тікелей әсер ететінін жақсы білеміз. Оған қоса, Еуразиялық одақтағы басты одақтасмыз Ресейдегі қаржылық-экономикалық жағдайдың ықпалы тағы бар. Ресей мен Украина арасындағы шекара дауын дәл осы мәселеге әсер етуші

тетіктің бірі деу керек. Соның нәтижесінде қаңтар айында рубль 3,7 пайызға арзандады. Яғни доллар бағамы 80 рубль болды. Оның әсері теңгеге тікелей әсер ететіні тағы рас.

Дегенмен, Қазақстанның Ұлттық Банкі әрекетсіз деуге болмайды. 24 қаңтарда Ұлттық Банк салымдардың базалық ставкасын 9,75-тен 10,25 пайызға көтерді. Сарапшылар қазақстандық қаржыгерлердің бұл әрекетін «инфляцияны төмендетудің және оны 2022 жылдың соңына дейін 4-6% көлемінде ұстап тұрудың қамы» деп түсіндіреді. Өйткені, Қазақстанның сауда әріптестерінің көбінде инфляция деңгейі әжептәуір көтеріңкі болды, ал оның Қазақстанның экономикасына тікелей әсер ететіні айтпаса да белгілі.

Ұлттық Банктің болжамы бойынша, Қазақстан Республикасындағы инфляция көлемі үстіміздегі жылы 6-6,5 пайыз болуға тиіс. Сарапшылардың айтуынша, жылдық инфляция көлеміне әсіресе бірінші тоқсанның нәтижелері көбірек әсер ететінге ұқсайды. Одан кейін коммуналдық қызмет пен жанар және жағармай бағасын тұрақтандыру нәтижесінде жағдай біршама реттелмек. Тіпті, белгіленуі мүмкін ықтимал шаралардың арқасында жылдық инфляция көлемін 4-6 пайыз



көлемінде ұстап тұрудың мүмкіндігі де айтылады. Теңге тағдырына барынша қатты әсер ететін шешуші фактордың бірі – әлбетте, инфляция. Тиісті мамандар елдегі инфляция мөлшерін ай сайын бағамдап отырады.

Атап айтқанда, қаңтар айында инфляция көлемі 0,7 пайыз болған. Ал жылдық инфляция 8,4-тен 8,5 пайызға дейін өсіпті. Қаңтардағы бір айлық инфляция мөлшеріне азық-түлік пен коммуналдық қызмет сегменттері тиісінше 56 және 9 пайыз көлемінде әсер еткен. Атап айтқанда, алдымен көкөніс пен жеміс қымбаттағаны байқалады. Іс жүзінде, орташа бағам 4,3 пайыз өскен. Өткен жылғыдай емес, биылғы жыл басында көкөніс пен жеміс бағасының күрт өсуі байқалады.

Азық-түлік бағасына қарата айтар болсақ, жергілікті тұрғындардың негізгі тұтынатын өнімдерінің бірі ет пен ет өнімдерінің бағасының да инфляцияға тигізер әсері үлкен. Атап айтқанда, соңғы кезде ет пен ет өнімдері 5, ал нан өнімдері мен дөңдер 7 пайызға қымбаттапты. Екі айдан бері нан өнімдерінің қымбаттауы 0,7 пайызды құрайды. Ал өткен жылдың сәйкес мерзімінде ол 0,3 пайыз болған.

Мұндай жағдай ет өнімдеріне байланысты да байқалып отыр. Өткен жылы ет

өнімдерінің қаңтар айындағы өсімі 0,1 пайыз болса, биыл 0,3 пайызға қымбаттаған. Осының бәрі алдымен ішкі инфляцияға, сол арқылы ұлттық валютаның бағамына, тұтастай алғанда елдегі қаржылық-экономикалық жағдайға тікелей әсер ететін факторлар. Сонымен, соңғы кезеңнің өзгермелі жағдайында ұлттық валютаның жағдайы қандай?

Қазақстан алдымен макроэкономикалық ел, әзірге индустриялық даму байқала қоймайды. Көптеген өнім шеттен тасымалданады. Сондықтан бірінші кезекте ел экономикасы мұнай нарқына тәуелді. Қаңтар айындағы көрсеткіш бойынша бренд маркалы мұнай 17 пайызға қымбаттап, бүгінгі бағасы 1 барреліне 91,2 доллар болып отыр. Соның арқасында соңғы кезде теңгенің әжептәуір еңсе тіктеп қалғаны байқалады. Оның үстіне соңғы кезде ОПЭК-тің мұнай өндірісін біршама шектеуіне орай әлемде мұнай өнімдеріне сұраным артып отыр.

Ал ол Қазақстан жағдайында инфляцияны тежеп, төл теңге бағамын қалыпты ұстаудың басты кепілінің бірі. Демек, ұлттық валютадан үміт үзуге әлі де болса ертерек деген сөз...

Өмірзақ МҰҚАЙ.



МӘСЕЛЕ

ЖОЛАЙРЫҚ

жол кептелісін шеше ме?

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Алматыда тұрғындар санымен қоса, көлік жүргізушілерінің де қатары күн санап артып келеді. Ресми дерек бойынша қазір қала тұрғындарының саны екі миллионға жуықтаса, шаһарда жалпы саны 600 мыңға жуық көлік тіркелген. Ал Алматы көшелерімен күніне 900 мыңнан астам автомобиль қатынайды. Бұл, әлбетте, ұзын-сонар кептеліске әкеледі. Ахуалды түзеу үшін жергілікті әкімдік бірқатар жолайықтың құрылысын қолға алған болатын. Бірақ бұл шарадан көліктердің кептелісі азайды ма, жоқ па, осы төңіректе ой қозғағанды жөн санадық.



20 ЖОЛАЙРЫҚҚА

72,2 МИЛЛИАРД ЖҰМСАЛДЫ

Алматы – үлкен мегаполис. Шыны керек, қаладағы көшелердің қиылыстарында бұрынғыдай кептелістердің болмауы және көліктердің жылдамдықты азайтпай өтуі жолайықтардың арқасында жүзеге асып отыр деуге болады. Қазіргі уақытта жолда жүру қауіпсіздігі мен орташа эксплуатациялық жылдамдықтардың жоғарылауы, қоршаған ортаға зиянды әсердің төмендеуі байқалады, көше кептелістерін азайту үшін Алматы қаласында 20-дан аса жолайық салынып бітті. Әрбір объектінің салыну мерзімі оның күрделілігіне және бюджеттен қаражат бөлінуіне байланысты бір-үш жылға дейін созылады. Осы уақытқа дейін салынған 20-ға жуық жолайыққа шамамен 72,2 миллиард теңге жұмсалды, оның ішінде төрт жолайық инвесторлардың құйған қаражатына салынды. Қалада тағы да жолайықтар салынуда.

Бұл – әлемнің барлық елінде тәжірибеден өткен дүние. «Алматыға жолайықтар салу керек емес» деген пікірдің өзі қате секілді. Өйткені, Алматыда халық та, көлік те өте көп.

Мұнда миллионға жуық автокөлік жүреді. Егер жолайықтар болмаса, бұл да үлкен мәселеге айналар еді. Мына Рысқұлов, Саин, әл-Фараби даңғылы – бәрі шығыс аймақтағы жолмен қосылып, айналмалы жол болады. Мұны «шағын транспорттық дәліз» деп атайды. Есеп бойынша бір күнде транспорттық дәліз 380 мыңдай көлікті өткізуі керек. Ол үшін жүретін көліктердің жылдамдығы сағатына 80 шақырымнан төмен болмай, ол жерде бірде-бір бағдаршам, жаяу жүргіншілер жолы орналаспауы керек. Ал көліктер қаланың ішімен емес, сыртқы айналмалы дәлізбен өтуі керек. Мұның өзі алматылықтарға көп пайдасын тигізді.

ОНЫ БАЙЫППЕН САЛУ КЕРЕК

Дегенмен, оны салу арзанға түспейді. Бір ғана жолайық құрылысы орташа есеппен 4,5 млрд. теңгені құрайды. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, осыншама ақшаға бір облыстың жолын түгел жөндеп шығуға болады. Сондықтан мұндай дүниелерге тым әуес болудың қажеті жоқ, керісінше, оны ақылмен, байыппен салу керек.

Ал жолайықтардың сапасына келетін болсақ, олар қаламыздың сейсмикалық жағдайына байланысты жобаланған. Демек, қауіп жоқ деген

сөз. Одан кейін Саин–Райымбек даңғылындағы және Саяхат маңындағы жолайықтарда бекітілген құрылыс жобасы бойынша жаяу жүргіншілерге арнап жолақтар жасалған. Бағдаршамдар да бар. Ал туннель әдісімен салынған жолайықтардың барлығында да жиналған жаңбыр суларын сорып алатын сораптар орнатылған, енді кейбір туннельдерде су жиналып қалуының бір себебі – елдің тастаған пластикалық шишалары мен қоқыстарының кептеліп қалуынан болып отыр.

ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕРГЕ ҚИЫНДЫҚ ТУДЫРАДЫ

Одан кейін айта кететін мәселе, жолайықтарды жобалауда кемшіліктер де кететіні жасырын емес. Алматының жағдайында жерді қазып, жоласты өткелі арқылы өткізу мәселесі көп қиындықтарды туғызады. Біріншіден, бүкіл коммуникация, жылуың болсын, жарық, бәрі жердің астымен жүргізілген. Ал жерді қазғанда сол коммуникацияларды қайта жүргізуге тура келеді. Екіншіден, ойланбай салынған жерлерге, мына Райымбек пен Саин көшесіндегі жолайықта су жиналып, тіпті соған көліктер батып кеткен де жағдайлар кездесті. Оны жолдың үстімен де жіберуге болатын еді... Көліктің бір-жақты өтуіне осы жолайықтар тиімді болғанымен, жаяу жүретіндерді ойламаған. Кейбір жолайық-

тардың айналасында тіпті жолаушы өтетін жолақ жоқ. Айналасында тұратын халық бір квартал айналып жүретін болды.

Алматыда «жол жөнделмей жатыр» деуге болмас. Президент Жолдауына қатысты жергілікті жолдарды жөндеуге миллиардтаған қаражат теңге бөлінеді. Жаңа аудандарды қосқанда, қалада 2000 шақырымнан аса жол бар. Жыл сайын соның басым көбі жөндеуден өтеді. Қала әкімінің тапсырмасымен көлік аз жүретін көшелерге де қаражат қарастырылған. Алматы ескі де үлкен қала болғандықтан, жолайығын салу үшін қаладағы жол астында орналасқан барлық коммуналдық жүйелерді басқа жаққа көшіріп, қайта салуға тура келеді. Бұл бір күндік жұмыс емес, әрине.

ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ҚЫМБАТТАДЫ

Мәселен, «Алтын Орда» базары маңындағы жолайық құрылысы 2017 жылы қазан айында басталған еді. Бірақ қарқыны тым баяу жүрді. 2022 жылы аяқталды. Дегенмен, әлі толық біткен жоқ. Салдарынан онсыз да кептелістен көз ашпайтын күре жолдың бойындағы қозғалыс тіпті қиындады. Әсіресе, таңертең және кешкі уақытта көліктер баяу қозғалып, жолаушылар жолдың екі шақырымдық бөлігіне бір сағат уақыт жұмсайды. Бұл жердегі жолайық бәрібір кептелісті шешкен жоқ.

Алматыға күн сайын 300 мыңға тарта автомобиль кіріп-шығатын болса, соның 25 пайызы Райымбек даңғылының батыс бөлігі арқылы «Алтын Орда» базарының алдымен қозғалады. Сондықтан көлік қозғалысын жеңілдету үшін он жолақты жол салу жоспарланған. Оның төрт жолағы транзиттік көліктерге арналса, төртеуі жергілікті маңайға жүретін машиналардың бағыты үшін жасалады. Жолдың қалған екі жолағы қоғамдық көліктерге қарастырылған. Әрі құрылыс кезінде «Жеті Құрдас» базары, «Leroy Merlin», «Апорт» сауда кешендерінің маңына және «Асыл Арман» тұрғын үй кешенінің алдына айналма эстакада тұрғызылады. Сондай-ақ, үш жерүсті өтпелі салынады.

Оның үстіне, құрылыс материалдарының қымбаттауы да жұмыстарды бәсеңдеткен. Жобаның құжаттары 2016-2017 жылдары жасалып, қажетті материалдардың тізімі мен бағасы көрсетілген еді. Бірақ содан бері құрылыс заттарының құны екі есе шарықтап, қаржылық қиындықтар тудырған.

P.S.

Соңғы 10–15 жылдың көлемінде қаламызда жолайықтар пайда болып, автокөліктердің жүрістерін белгілі бір дәрежеде жеңілдетті. Қазір әл-Фараби даңғылында күндіз кептелістер болмайды, бұрынғыға қарағанда едәуір азайды. Мұндай құрылыстардың барлығы бесжылдық жоспарға енгізілген. Жолайықтар дағдарыстың алдында бюджеттен бөлінген, банктерден келген қаражатқа салынды. «Көрпеңе қарай көсіл» дегендей, қазіргі жағдайда мұндай үлкен құрылыстарды салу үшін әбден ойланып, мамандарды тарта отырып, кешенді түрде шешкен дұрыс секілді.

МЕТРО

Бекеттер ашылады

Рая
ЕСКЕНДІР

Алматыда «Сарыарқа» және «Бауыржан Момышұлы» станциялары биылғы жылдың мамыр айында іске қосылатын болды.

Екі метро станциясы пайдаланылуға берілсе күнделікті жолаушылар ағынын 30 мыңнан 86 мыңға дейін арттырады. Сонымен қатар, қалада екі жолайық пен Әуезов көшесін ұзарту жұмыстары да аяқталып, кемі 100 шақырым болатын жаңа жол салу жоспарлануда. Ал әл-Фараби даңғылын жөндеуге бөлінген екі миллиард теңге басқа мақсатқа жұмсалмақшы.

Сонымен, «Фэмили» паркінің ауданында орналасқан «Сарыарқа» станциясының құрылысы терең төселген, пилон типті, қозғалысы шектеулі топтар үшін 2

лифті, 8 эскалаторы бар екі кіру тобынан тұрады.

Ал «Бауыржан Момышұлы» станциясы Абай даңғылының төменгі жағында, Б.Момышұлы көшесінің батысына қарай орналасқан. Шағын құрылыс станциясы, колонна типті. Ол екі жерасты лоббиінен және алты кіру тобы мен 6 лифт, 15 эскалатордан тұрады. Жаңа метро бекеттерінде барлық қауіпсіздік, сақтық шаралары қарастырылған.



БРИФИНГ

Алматы метросы «Алтын Орда» базарына дейін созылмақ. Бұл туралы қала әкімінің орынбасары Серік Құсайынов брифинг барысында мәлім етті.

«Алтын Ордаға» – метромен

Серік
АНАРБАЙҰЛЫ

Оның айтуынша, Алматыда салынып жатқан метроның бағыты түзетіледі.

«Енді метрополитен желісі Қалқаман елдімекені арқылы өтпейді. Батыс арқылы, жаңа Наурызбай ауданы арқылы өтеді. Алатау көшесімен төмен түседі. Қосымша екі станция салынады, соңғысы «Алтын Орда» базарына дейін жетеді. Осылайша Наурызбай ауданының батыс бөлігін қала орталығымен байланыстырамыз», – деді Серік Құсайынов.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Құсайыновтың пікірінше, бұл 150 мың тұрғынға ыңғайлы болмақ.



СҰХБАТ

Біздің Қазақ мемлекетінің өз даңғылы бар. Мақсаты – жаһанның алпауыт державаларымен иық тірестіріп, экономикасы қуатты, жастары білімді, үлкендері дана халыққа айналуы қажет.

Алтайдан Атырауға, Арқадан Қазығұртқа дейінгі қастерлі аумақ баһадүр бабаларымыздан аманатқа қалды. Ұшқан құстың қанаты талатын киелі атырап терең тарихтан сыр шертіп тұр. Ендеше, қарға тамырлы қазақтың болашағы жарқын болуы үшін бәріміз жұдырықтай жұмылып, тонның ішкі бауындай ұйысып әрекет етуге тиіспіз. Өйткені, ел – баршамыздың ыстық ұямыз.

Іргелі һәм игі бастама қоғамды ілгері жетелейді деген үміт зор. Бұл бағытта қолға алынып жатқан ілкімді істер жөнінде ой қозғауды жөн көрдік. Осы төңірегінде Әнуарбек Байжанбаев және Бейбіт Құсанбек атындағы сыйлықтардың негері, акын Бакыт ЖАҒЫПАРҰЛЫМЕН әңгімелескен едік.



Жаңа мүмкіндік
тәуекелдерден тұрады

– Бакыт аға, «Жаңа Қазақстан» бағдары жөніндегі ойларыңызбен бөліссеніз?

– Мемлекет басшысы елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалы турасында біршама игі бастамаларды ұсынды. «Қазір Үкіметтің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру, азаматтардың табысындағы алшақтықты

Жаңа бағыт жақсы жолға бастайды

Кез келген ел өзінің даму жолын әр тараптан іздейді. Түрлі тарихи кезеңдерден өтеді. Сөйтіп, дамушыдан дамыған ел сатысына көтеріледі



азайту және еңбек етуге қолайлы жұмыс орындарын ашу. Бәріміз елдің игілігі үшін қызмет етуге тиіспіз», – деді. Халықтың табысын арттыру және теңсіздікті азайту басымы міндеттің бірі. Президент тапсырмасы бойынша Халықтың табысын арттыруға арналған бағдарлама әзірленіп жатыр. Бастысы – тұрмыс жақсы болуы керек. Сонда алға басамыз.

– Әлеуметтік мәселені қозғадыңыз, ол сіздердің жас күндеріңізде қалай шешілген еді?

– Е-е, Олжатай, жақсы сауал бердің. Әлгі сөздерімді жалғайын. Ол уақыт тоқырауы тарқамаған 90-жылдар болатын. Ауылдан мектепті бітіріп, арман қуып Алматыға келдік. Жоғары оқуды бітіргеннен кейін жұмыс іздедік. Сөйтіп, «Қазақ радиосына» келіп жүрдік. Ол кезде басшысы Төрехан

Данияр ағамыз болатын. Үйленгенімді, бір балам бар екендігін айттым. Ол кісі жағдайымды түсінді. Өзі 40-тардың ар жақ, бер жағында екен. Қуатты, жалынды шақтары ғой. Осылайша 3 ай уақытша мерзімге мені орналастырды. 1,5 айдан соң «алаңдамай істей бер, даусың да жақсы екен» деп, толық штатқа қабылдады. Қуанып, ағамыздың жылуын сезініп, іске кірісіп кеттік. Біртіндеп, таныла бастадық. Айтысқа қатыстық. Сатылап өстік. Қысқаша тарих осылай болды.

– Жастар қандай болу керек деп ойлайсыз?

– Есінде ме, «Егер жұмысқа бір орналасаң, ары қарай өрлей бересің» деп едім ғой. Сол рас, негізі. Оның мәнін өзін де біліп отырсың. Тәуелсіздік дәуірінде дүниеге келгендердің ой-қабілеті мүлдем басқа. Олардың алды отызда. Одан кейінгі 2000 жылдан

бергі ұрпақ тіпті басқаша. Саналары уланбаған. Бұрынғы кеңестік жүйемен былғанбаған. Жаңа ұрпақ дер едім. Қазақ жастары әлемді таңдандыруда. Оның бірі өзіңсің. Біздер қанша дегенмен, Кеңестік империяның соңғы түлегіміз. Оны жасырудың еш қажеті жоқ. Керісінше, мойындауымыз қажет. Сол шақтың дәмін алдық. Ақырғы комсомол біздер болдық. Бізден кейін алып империя КСРО күйреді. Көріңіз бе? Екі дәуірді сезініп келеміз. Сондықтан қарақөздерімізге артылар үміт зор.

– Қазақ елінің болашағы қалай деп ойлайсыз?

– Әрине, жақсы болады деп сенемін. Сеніп қана қоймай, үлкен үміт күтем. Өзің айттып отырсың ғой, аға-көкесіз еңбекке араласуға болатындығын. Сол сияқты соқпақты кешкенбіз. Егер адам жасында ашы-тұшыны қатар татса, бәрінің қадірін біледі. Әрбір істің қайырын сезінеді. Әгәрәки, ой-санасы таза, бойында өмірге құштарлығы мықты болса, биікті бағындырары сөзсіз. Есіңізде болсын, үлкен тәуекелдер құрбандықпен орнайды. Оған тарих куә, арғы жағын менен артық сезініп отырсыз. Онсыз ештеме ілгері баса қоймасы анық. Сол себепті, жастарға сенем. Бізден де аса қайыр күтпеңіз. Жасымыз ұлғайды. Ендігі жол өздерінде. Осы күні «Жаңа Қазақстан» деп жүргеніміз – сендерсіңдер.

Елімізді жарқын болашаққа бастайтын, алғыр, білімді, адал жастар өсіп келе жатқанына сондай ризамын. Осы бағыттан таймау керек. Бағыт-бағдар айқын болуы үшін тынбай ізденген абзал. Тек алға!

– Әңгімеңізге рахмет!

САУАЛНАМА

Зердесі биік азамат, елінің қамын ойлайды!

Қазақ елінің болашағы білімді, білгір, отансүйгіш жастардың қолында. Бұл – үлкен жауапкершілік. Сондай-ақ, дәлелдеуді қажет тұтпайтын аксиома. Ашық дереккөздер дерегіне, елдегі жастардың үлесі 30%-дан асады. ТМД аумағындағы статистика бойынша да солай. Мұны жақсы көрсеткішке балаймыз. Тәубе!

Әр елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалы жұмыс күшімен өлшенеді. Нақтырақ, сол істерді атқаратын адамдар қажет. Егер де, мейлінше тірлікке жарамдылар мол болса, өркендеудің даңғыл жолына түскендігін аңғартады. Жаһан жұртында осындай сараптамалар арқылы дамушы, дамыған, қарыштап өркендеген елдер рейтингісі дейтін ұғым бар. Осы аталған шаруаларды атқаратын да – жастар. Қай мемлекетте жас өрендер көп болса, оның мүмкіндігі де зор болмақ.

Бүгінгі қарақөздеріміз қандай істермен айналысып жүр? Олардың келешекке көзқарастары, жоспарлары жайында сауалнама жүргізген болатынбыз.



Жігер АСҚАР,
жас акын:

ЖАСТАР – ОТАНЫМЫЗДЫҢ ТІРЕГІ

Жастардың әлеуметтік ахуалының күштілігін әлем әлдеқашан мойындаған. Өңіріміз еріден бастайын. 1945 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан шамамен екі ай өткен соң бекітілді. Дүниежүзілік жастар күнінің тойлау мезгілі 29 қазан мен 10 қараша аралығында Англия астанасы Лондонда өткен Дүниежүзілік жастар конференциясының аяқталуына ұштастырылды. Міне, осыдан кейін барып конференцияның аяқталған күні маңызды болып есептеледі. Өйткені, ең алдымен, бұл күн – өзінің «Империялизмге және кертартпалыққа қарсы, бейбітшілік, демократия, ұлттық тәуелсіздік үшін жастардың саяси, әлеуметтік және экономикалық құқықтары мен қызығушылықтарын қорғауға әртүрлі жастар ұйымдарының бірігуі» атты мақсатын жариялаған Дүниежүзілік демократияшыл жастар федерациясының негізделген күні. Осынау ұйымда Кеңес Үкіметі «КСРО жастар ұйымдарының комитетін» ұсынды. Дүниежүзілік жастар күнін жаппай тойлау ықыласын білдірген дәл ДДЖФ бастамашылдары болатын.

Қарап тұрсаңыз, жастар өмірдің қозғаушы күші іспетті. Қаншама соғыстар мен зұлматты кездерде қан майданға ең әуелі жастар аттанды. Бар жастық ғұмырын майдан даласында жіберген ата-бабаларымыз да болды. Қиын-қыстау заманда үлкендердің ақыл-кеңесін негізге ала отырып, қан кешіп, жан алысып, жан берісті. Бірақ мұқалмады. Жастық жалын кеудені керіп, үнемі алға бағытталумен болды. Жоғарыда біраз деректерді келтірдік. Бір жағынан қарасаңыз, Біріккен Ұлттар Ұйымы әлемде бейбітшілік жасау бастамасын жастар арқылы көтеруді көздейді. Мұнысы жөн. Себебі, кескілескен,



қиын оқиғаларға жастарды итере берудің қажеті жоқтығын айтуда. Бүгінгі таңда өзім де ақын ретінде қарақөздеріміз жайлы бірқанша ойларды келтіріп жүрмін. Әсіресе, лирикалық шығармаларға көбірек қалам тербеймін. Көбіне өздеріңіз білетін «махаббат» тақырыбын айналып өте алмаймыз. Жастық жалын қуаты бойда ойнап, жалындап тұрғанда аталған сезім, жақсы көру дейтіндер мәңгі өз әсерін береді. Кейде сол тақырыптарды жиі көтеріп қаузауды жөн санаймын. Ол – отансүйгіштік. Әркім өзінің кіндік қаны тамған туған ауылын, өлкесін, қаласын жақсы көрсе, онда ол адамнан мықты азамат шықпақ. Жүрген, барған жерлерімізде осыны айтып, патриотизмді насихаттауға тырысамыз. Мұнсыз өмір мәнді болмайды. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» депті данышпан Абай атамыз. Оның әрбір қарасөзінде бүгінгінің жастарына қажетті барлық өсиет айтылған. Құр айтылып қана қоймаған, нақты дәлелдермен бейнеленген.

Осыдан біраз жылдар бұрын философия, жантану сынды кітаптарды оқуға белсене кірістім. Сонда маған ұнаған бірнешеуі болды. Соның негізгісі, «Қабуснама» еді. Патшаның өзінің баласына мына өмірден түйген-білгенін өсиет ретінде айтып кеткен ойлары нақ бізге қажетті екен деп көңіл түбіне түйіп қойдым. Жас адамның бойындағы қасиеттерді тізіп бер десеніз, қазақтың «заманың түлкі болса, тазы болып шал» деген нақылымен жауап қайыра едім. Қазіргі таңда адамға қойылатын талаптар күшейді. Мұны тағдырдан көреміз бе, әлде адамнан ба? Ол жағы уақыттың еншісінде. Десе де, ең бастысы, өз Отанын қалтқысыз сүйетін, адал еңбек ете білетін жастар көбейсе екен.



Абай ӘНУАРУЛЫ,
IT маманы:

БІЛІМДІ ЖАСТАР ТОП ЖАРАДЫ

IT саласының жастарын көбіне «компьютер бастылар» деп санайды. Олар тек жүйе, бағдарлама жасайды. Кейбірінің артық эмоциясы, сезімі жоқ деп біледі.

Негізі олай емес. Ғылым мен технологияны зерттеп, осы

жағында жұмыс істеу – менің сүйікті ісім. Сіздерге Қытай ойшылы Конфуций айтқан ойларды келтіре кетейін. Ол «өзіне ыңғайлы жұмыс таңда, сонда сен мәңгі жұмыс жасамаған адамның кейпінде боласың» дейді. Былайша тарқатқанда, дұрыс кәсіппен айналыс, сонда шаршап, шалдығу болмайды дегенді меңзегені ғой. Расында солай. Осы тәмсілді нағыз жастарға арнап айтқандай сезіледі. Бүгіннен өзіне деген сенімділікті арттырып, болашаққа бағдар құра білсең, құр жүрмегенің. Әйтпесе, бәрінен мақұрым қаласыз. Алдыңызды басы жасайтын мықтылар орайды. Экономиканың тілімен баяндағанда, стартап жобалар жасалып, сіз ашқан жаңалық өзектілігін жоғалтып алуы ғажай емес. Сол себепті, бүгінгінің жастарына қойылар талап көп. Уақыт қаншалықты сырғып, тез өтер болса, сіз де соншалықты мобильді болуыңыз шарт. Бұлар осы күнделікті өмірде қайталанып отыратын шартты заңдылық іспетті болып жатыр. Әсіресе, ғаламтормен жұмыс жасайтын менің әріптестерім жақсы түсінетін шығар.

Қазір бәрі қас-қағымда орын алады. Жастардың бойындағы қуатының күштілігіне кейде қайран қаламын. Қандай жаңалық немесе өзгешелік болса, соны дереу қабылдап алады. Одан қорытынды шығарып, жаңаша бір үлгі жасауға тырысып бағады. Міне, бұл нағыз жастарға тән тірлік деп білемін. Өздеріңіз көріп, біліп жүрген боларсыздар, біртіндеп компьютерлік технологияға қарай бет бұрып барамыз. Ол дегеніміз жақсы. Айналамыздың барлығы электронды форматқа ауысуда. Бәрі бір тетікше арқылы жұмыс істемек, яғни бұрынғыдай бір орыннан қағаз аркалап, екінші жерге көшіп жүрудің заманы кетті. Тек оны болашақта тарих беттерінен оқитын шығармыз. Бұл мысалдарды айтуымның себебі мынада. Осы аталған жаңалықтарды ойлап табатындар көбіне жастар. Жаңа күш-жігерін осы бағыттарды дамытуға жұмсайды. Мәселен, Марк Цукерберг Фейсбукты, жас кезінде Билл Гейтс Майкрософты ойлап тапты. Осындай өнертапқыштар мен бастары жасайтын жастардың тізімін жасай беруге болады.

Меніңше, жастар өте еңбекқор. Олар тек жүріп, уақытты зая кетіруді жөн көрмейді. Білесіз бе, маған бүгінгінің жастарының осы қыры мен қасиеттері жағады. Қос қолдап қолдаймын. Ең бастысы, ерінбеу керек. Қазіргі заман ғылым мен білімнің кезі. Егер аз ғана кідіріп, аялдар болсаңыз, екінші біреу жаңалық ойлап шығарады. Ал сол дүние сіздің ойыңызда жүрген болса ше? Сондықтан барымызды салып, ілгерілей беруіміз қажет. Сонда қазақ жастарының алмайтын асуы, берілмейтін қамалы болмайды. Тағы бір мәрте қайталап өтейін. Ең негізгісі, қажыр мен қайрат бойында бар жас өрен жерде қалмайды.

P.S. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» депті. Керемет айтылған сөз. Сонымен қатар, хакім Абай «Біліміден шыққан сөз, талптыға болсын кез» деген екен. Бәрін топтағанда осыған саяды.

Біздіңше, дүниеде құстың қанатындай екі нәрсе бар. Ол материалдық және рухани байлық. Сондықтан тілеріміз қос байлығымыз – әрқашан тең, болашағымыз жарқын болғай!

Бетті дайындаған Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ЕСКЕ АЛУ

АНТЫНА
АДАЛ
АЗАМАТ

Есімі ел есінде қалатын тұлғалар болады. Сондай азаматтың бірі Саят Мыңбаев еді. Ол саналы ғұмырын еліміздің тыныштығы мен бейбіт өміріне арнады. Қауіпсіздік саласында ерен еңбек етіп, абыройға бөленді. Адамдық асыл қасиеттерімен парасат биігіне көтерілген жан еді.

Адам баласының өмір жолында талай тұлғалар кезігеді ғой, бірақ олардың барлығы есте қала бермейді. Дегенмен, кейбіреулері өзінің саған деген ілтипатымен, ағалық жылы сөзімен өмір бойы естен кетпейтіндей сезім қалдыратынына көзім жетті. Осындай азаматтардың қатарында мен үшін Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қауіпсіздік комитетінің әскери барлау қызметінің негізін қалаушылардың бірі, Ауған еліндегі соғысқа қатысушы, «Қызыл Жұлдыз», «Халықтар достығы» ордендерінің және 17-ге жуық медальдардың иегері, отставкадағы генерал-майор Саят Мыңбаев тұрған еді.

Оны жас кезінен білімге деген құштарлығы мен асқақ арманы алға жетеледі. Жамбыл технологиялық институтының Семей қаласындағы филиалына, инженер-технолог мамандығына оқуға түсті. Оқу орнын тәмамдап, инженер-технолог мамандығын алғаннан кейін әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын атқарып келді. Еңбек жолын туған жерінде комсомол жастар ұйымында қызмет жасаудан бастады. 1974 жылы мемлекетіміздің қауіпсіздігін қорғау жүйесіне қабылданды. Ташкент, Алматы мен Киев қалаларында әскери білімін жетілдіру мақсатында дайындықтан өтті. Он жылға жуық Талдықорған облысында мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жергілікті салада жетекшілік қызметте болды. Ел шекарасын күн демей, түн демей күзетіп, таулы жерлердегі маңызды алаңдарда орнатылған тосқауыл бекеттердің бүтіндігін қамтамасыз ету – басты міндет. Ол кезде қауіп-қатер өте көп. Қытай елі жағынан түрлі себеппен шекара сызығынан өтіп кетушілер болып тұратын. Саят Мұхаметбайұлының аса қырағылықпен шекара бұзушыларды құрықтап, теріс пиғылдағы топтарға тосқауыл қоя білген білікті маман болғандығын айтқанымыз орынды болар.

Шекараның қандай жағдайда екендігін біліп тану, өз көзіңмен көру үлкен қызығушылық тудыратыны белгілі ғой. Ол кезде шекара аумағын күзетіп, бақылаушылар негізінен атпен жүреді. Бірде Саятпен бірге әскери жеңіл көлікке отырып алып, жота-жота болып жатқан тауларға бет алдық. Қалай аталатыны есімде қалмапты, бір заставаға келіп, шекара күзетіндегі сарбаздардың сәлемдесу рәсімінің куәсі болдық. Содан көп ұзамай шекарашылардың атқа мінген бір тобы көшті бастап Қытай шекарасына бет алдық. Дәл осы кезде тау құзының етегіне тырмысып, көтеріліп бара жатқан шакта ел шекарасының бүтіндігі мен тұтастығы қандай күш-қайратпен, үлкен жігерлікпен қамтамасыз етілетінін өз көзіммен, жан-жүрегіммен сезінген едім.

Осындай жағдайда он жылға жуық уақыт бойы қызмет атқару екінің бірінің қолынан

келмейтіндігі анық. Ал Саят болса өз міндетіне алған және белгіленіп бекітіп берген өңірдің бүтіндігі мен қауіпсіздігін мүлтіксіз қамтамасыз ете алды. Сондықтан да болар, 1983 жылы Мәскеу қаласындағы Дзержинский атындағы жоғары шекара саласының кәсіби аға басқарушылар құрамын оқытатын 2 жылдық курсына жолдама алып, білімін жетілдірді. Осы жылдары мен де Мәскеу қаласындағы жоғары дәрежедегі спортшыларды зерттеп дайындау мен айналысатын ғылыми институттың аспирантурасында оқып жүрген болатынмын. Мәскеу қаласының Теплый стан ауданында тұратын Саяттың отбасына жиі барып тұратынмын. Барған сайын менің байқағаным, аман-саулық сұрасып болғаннан кейін, құлағына құлаққап (наушник) киіп, ерні жыбырлап жүреді. Сөйтсем, Саят ауған елінің пушту-дари тілін үйреніп жүр екен, күн сайын осы тілді меңгеруге кемінде алты сағат бөледі екен.

1985 жылдың күз мезгілінде ол сол кездегі Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жауапты қызметкері ретінде соғыс жүріп жатқан Ауғанстанға арнайы іссапармен аттанып, сол жерде кадрлық барлау офицері ретінде өз қызметін жалғастырды. Үш жылдан соң елге аман-есен оралды. Ауған соғысы барысында әскери тәжірибесі барынша шыңдалған Саят Мыңбаевқа жаңа міндеттер жүктелді. Республикамыздың қауіпсіздік комитетінің орталық аппаратындағы қызметке қабылданып, кейінгі саналы өмірінің барлығын, зейнеткерлікке шыққанға дейін тәуелсіз Қазақстанның ішкі және сыртқы қауіпсіздігін сақтауға арнады.

Саят екеуіміз оңашада мемлекетіміздің көптеген мәселелері туралы сұхбаттасушы едік. Ұлттық тәрбиеге, отбасы тіршілігіне қатысты пікірлерімізді де ортаға салатынбыз.

Асқар шың алыстаған сайын биіктей түсетіні анық. Биік адамгершілік қасиеттерімен, мемлекетіне берген әскери антына адалдығымен ел ықыласына бөленген Саяттың бүкіл ғұмыры сол биіктікке ұқсайды.

«Тасқын су сарқылмас, айтар сөз таусылмас» демекші, Саят туралы жүректен ақтарыла шығатын сөз таусылар емес. Ол мәңгілік сапарға аттанып кеткенімен, ол туралы мөлдір де сөнбес мұра қалды. Саяттың артынан ерген ұрпағына және немерелеріне әкелерінің даналығын берсін дегім келеді.

Саят Мұхаметбайұлы нағыз әскери офицер болды. Еліміздің қауіпсіздігін қорғауға қосқан үлесі орасан зор. Мемлекетіміздің бейбітшілігіне, шекарасының бүтіндігіне бар өмірі мен қажыр-қайратын, өзінің ар-ожданын сарп еткен нар тұлға деп үлкен сеніммен айтуға болады.

Төлеген ҚУАНЫШЕВ,
қоғам қайраткері, профессор.



САУАЛ – СІЗДЕН, ЖАУАП – БІЗДЕН

Жиі қойылатын сұрақтарға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалы баспасөз қызметінің басшысы Жаңыл Әпетова жауап береді.

1. Бұғатталмайтын әлеуметтік шот ашуға бола ма?

Жәрдемақыларыңызға шектеулер қойылмасын десеңіз, өзіңізге әлеуметтік шот ашып алыңыз. Әлеуметтік шотты кез келген екінші деңгейдегі банктің мобильді қосымшасынан тікелей ашуға болады. Ол үшін Сізге ХҚО қызметкеріне банк қосымшасынан жәрдемақы алғыңыз келетінін хабарлап, (мысалы Halykbank.kz, kaspi.kz және т.б.) телефон арқылы келетін хабарламадағы сілтеме бойынша әрекет етіңіз.

Бұл шоттың артықшылығы – әлеуметтік шотқа тыйым салынбайды және басқа шектеулер болмайды. Мұндай шоттан ақша алуға тыйым салынбаған. Банктер немесе сот орындаушылары одан қаражат ұстай алмайды.

Бұрын банктерде әлеуметтік шот болмаған. Жәрдемақыларына шектеулер қойылмауын өтініп жүгінген клиенттер көп болды. Сондықтан «Азаматтарға арналған үкімет»

мемлекеттік корпорациясы осындай өнімді іске қосты.

Клиент смартфондағы перделерді бір-екі рет басып ақ әлеуметтік төлемнен тұрақты шотқа ақша аудар алады. Клиент үшін іс жүзінде ештеңе өзгермейді. Ол қаржысын кез келген уақытта әдеттегі шотқа аудар алады немесе әлеуметтік шоттағы ақшасын кез келген банкоматтағы шешіп ала алады. (Kaspi Gold шоты – Әлеуметтік шот емес. Заң бойынша Kaspi Gold-қа шектеу қойылмайтындығы етіп жасай алмаймыз).

«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 10-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, осындай шоттағы ақша үшінші тұлғалардың өндіріп алуынан қорғалған. Әлеуметтік шотты екінші деңгейлі банктің мобильді қосымшасынан немесе банк бөлімшелерінде ашуға болады.

2. ЖШС-ны тарату жолдары қандай?

ЖШС-ны тарату жолдарына келер болсақ:

Egov.kz арқылы:

Порталға кіріңіз, порталдың «Бизнеске», «Бизнесті тіркеу және дамыту», «Бизнесті тіркеу және жою» тармақтарына өтіп, «Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару» қызметіне онлайн тапсырыс беріңіз.

Портал талап екен деректерді толтырып, қажетті құжаттарды тіркеп, ЭЦҚ арқылы өтінішке қол қойыңыз.

Есіңізде болсын!

• Порталға жүктелетін құжаттардың скан көшірмелерін алдын ала дайындап алуды ұмытпаңыз.

• Бұл қызметті жүзеге асыру үшін порталға ЖШС басшысының ЭЦҚ-сымен кіру керек.

ХҚО арқылы жүзеге асыру үшін:

Ең алдымен, ХҚО-ға кезекті онлайн брондаңыз. Бронды растау үшін ХҚО-ға 20 минутқа ерте келіңіз.

ХҚО операторы арқылы заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеуге өтініш беріңіз.

Қажетті құжаттар тізімі (портал үшін де, ХҚО үшін де):

- меншік иесінің немесе құрылтайшылар жиналысының мөрімен бекітілген шешімі;
- ЖШС таратылатындығы туралы жарияланған хабарлама бар газет көшірмесі;
- ЖШС-ның мөріні жойған ұйымның анықтамасы;
- Акцияларды шығарудың күшін жою туралы Ұлттық Банктің хабарламасы (акционерлік қоғамдар үшін);
- Филиал және өкілдікті есептен шығарған жағдайда филиал туралы өтініш және ереже;
- Қызмет құны төленгені жайлы түбіртек.

Қызмет құны:

Ірі бизнес субъектілері үшін – 18382 тг.; Шағын және орта бизнес субъектілері үшін – тегін.

Қызмет көрсету уақыты портал арқылы да, ХҚО арқылы да 5 жұмыс күнін құрайды.

3. ХҚО-ға бармай-ақ, ЭЦҚ қалай алуға болады?



нұсқаулық сізге ЭЦҚ-ны бірнеше минут ішінде алуға көмектеседі:

1. eGov.kz-те «Сервистер» санатында «ЭЦҚ қашықтықтан алу» бөлімін таңдаңыз;
2. «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басыңыз;
3. «Жеке куәлік» таңдаңыз;
4. ЖСН енгізіңіз;
5. телефон нөмірін көрсетіңіз және веб-камера арқылы жеке тұлғаңызды сәйкестендіріңіз;
6. ЭЦҚ сақтау үшін папканы таңдаңыз;
7. Парольді орнатыңыз;
8. ЭЦҚ қолдануға дайын.

Маңызды! Осы қадамдарды орындамас бұрын компьютерге NCALayer бағдарламасын орнатыңыз және веб-камераға қосылуын тексеріңіз.

4. ХҚО-ларда төлемді QR кодпен қалай жасаған жөн?

Санаулы секунд ішінде төлеу – әрбір екінші қазақстандыққа қолжетімді цифрлық мүмкіндік. Мегалистердегі QR төлемдер барлық сауда, мәдениет нысандары мен ойын-сауық мекемелерінде қолданылып жүр. Мемлекеттік қызмет көрсету саласында да осындай жаңа цифрлық мүмкіндіктер енгізілген. QR кодпен жер учаскелеріне актілерді дайындау және беру, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, кондоминиум объектілері бойынша қызметтерді және жер қатынастары саласындағы басқа да мемлекеттік қызметтерді төлеуге болады.

Сонымен қатар, қассаға кезекке тұрмай-ақ құжаттандыру қызметінің алымдарын да төлеу мүмкіндігі бар. ХҚО-ларда төлқұжат пен жеке куәлікті ресімдеген клиенттер мемлекеттік бажды QR кодтың көмегімен төлей алады. Азаматтарға арналған үкімет ҚР ИІМ-мен бірлесіп, көші-қон қызметі операторында отырып-ақ төлем жасау мүмкіндігін іске асырды.

Бүгінгі таңда пилоттық режимде бұл мүмкіндікті Нұр-Сұлтан және Алматы қала-

ларының тұрғындары пайдалана алады. Клиент төлқұжат пен жеке куәлікті ресімдеуге өтініштер қабылдайтын көші-қон қызметі операторына жүгінген сәтте, қассаға бармай-ақ бірден Homebank немесе Kaspi банк қосымшаларының QR төлем жасау жүйесі арқылы баж алымын төлей алады.

Азаматтар ХҚО-да мемлекеттік қызметтердің ақысын Homebank және Kaspi.kz қосымшасында QR-код арқылы кезексіз, қауіпсіз және тез төлей алады.

Енді азаматтар қандай бір қызметті алған кезде төлем жасау үшін менеджерден QR құрып беруін өтініп, сосын өзінің смартфоны арқылы бірнеше минуттың ішінде төлей алады. Әр клиент үшін әрбір қызмет бойынша жеке QR-код жасақталады.

Азаматтарға арналған үкімет QR арқылы төлем жасау мүмкіндігін 2020 жылдың қараша айында енгізді. Бүгінде клиенттер 146 Мемлекеттік қызмет түрін осы тәсіл арқылы төлей алады. Мемлекеттік тізілімдегі 690 қызметтің 662 қызмет түрі корпорация арқылы көрсетіледі.

Әзірлеген Динара МҰРАТ.



БЕЙЖІҢ-2022



Ту ұстаушымыз – төрттікте

Бейжің Олимпиадасы соңына таяды. Норвегия құрамасы спорттың барлық түрінен жақсы нәтиже көрсетіп, командалық бірінші орын алатыны нақтыланып келеді.

Өкінішке қарай, Қазақстан құрамасы соңғы олимпиадалардағы нәтижесін де қайталай алмай, жүлдесіз қайтатын елдер қатарын толықтыратын сияқты. Әуел бастан-ақ жүлдеден үміткерлеріміз саусақпен санарлық еді, жалпы алғанда, олар күткеніміздей өнер көрсетті.

АКРОБАТ



Алдабергенова: бұл жолы финал бұйырмады

Олимпиадаға үшінші рет қатысып жатқан фристайлшы-акробат Жанбота Алдабергенова да біздің жасырын үміткеріміз еді. Ол 2014 жылы Сочиде үздік алтылыққа енді.

Өткен жылғы әлем кубогының Рука (Финляндия) қаласында өткен кезеңдерінде бір рет күміс медаль иеленді, бір рет үздік төрттікке енді. Алайда, Бейжің Олимпиадасы Жанбота үшін сәтті болған жоқ. Ж.Алдабергенова, Ақмаржан Қалмұрзаева, Шерзод Хашырбаев үштігі акробатикадан командалық сынға қатысуға тиіс еді. Бірақ ПТР-тест нәтижесі уақытылы келіп үлгермегендіктен, біздің үштік бұл сыннан тыс қалды.

Дәл осы кездерде олимпиялық қалашықты аралап жүрген ХОК президенті Томас Бах Жанботамен ұшырасып қалды. Отандасымыздың қандай спортпен айналысатынын нақтылап сұрап, табыс тіледі. Мұны да жақсыға жорыған едік. Алайда, Алдабергенова алғашқы іріктеу бағдарламасында аса қиын элемент орындаса да, жерге түсер кезде аздап қателік жіберді. Финалға бірден жолдама алу мүмкіндігі бұйырмады. Екінші іріктеуде А.Қалмұрзаева финал жолдамасын бірінші орынмен иеленсе, Жанботаның үздік сегіздікке ілінуіне небары 0,98 ұпай жетпей қалды. Осылайша Алдабергенова төрт жыл бұрынғы Пхенчхан Олимпиадасындағыдай 13-орынмен аяқтады.

«Алғашқы мүмкіндігімде мен өте күрделі элемент орындадым. Одан да қиындау элементті финалға сақтаған едім. Өкінішке қарай, іріктеуден өте алмадым. Секіру бағдарламасын өте керемет орындасам да, жерге түсерде қателік кетті. Егер бәрін жаттығудағыдай орындағанда финалға бірінші орынмен шығар ма едім?! Өкінішке қарай, бұлай болмады... Екінші секіру кезінде сәл оңайлау элементті іске асырдым. Бәрін әдемі жасағаным сенімді едім. Алғашында біз бірінші секіру кезегінен соң-ақ, финалға шығамыз деп ойлағанбыз. Жақсы орындап шықтым, бірақ төрешілерге ұнамады. Нәтижесінде олимпиаданы ерте аяқтадым.

Бұл – менің үшінші олимпиадам. Бірінші ойынға барарда қорқыныш болған. Себебі, олимпиаданың не екенін білмедім. Екінші рет олимпиадаға үлкен үмітпен аттандым. Өйткені, Сочиде финалға шықтым ғой. Нәтижемді жақсарту түскім келген. Мен ойлағандай болмады. Бұл – спорт. Өте қиын спорт түрі. Жыл өткен сайын ережелер қиындай түсуде. Қазір үш айналым секіру элементін орындамасаныз, жарысқа барудың қажеті жоқ. Жалпы алғанда, біз өте мықты әйелдерміз. Бізге жанкүйер болып, қолдау көрсеткен жандарға алғысымды айтамын», – деді Ж.Алдабергенова.

А.Қалмұрзаева болса, финалда көңілдегідей секіре алмады. Ол жарысты 11-нәтижемен аяқтады. Ақмаржанның олимпиада финалына шығуы – үлкен табыс.

КОНЬКИ

Морозова: қарсыластар өте күшті

Бұған дейін фристайлшылардың ішінен Юлия Галышева жайына кеңірек тоқталған болатынбыз. Юлия финалға шыға алмай қалған соң, назарымыз конькишілерге ауды.

Өйткені, алматылық Надежда Морозова алғашқы нәтижесімен қуанта алған-ды. Ол 3000 метрге жүгіру бағдарламасында 13-орынға табан тіреді. Өзінің ыңғайына келе қоймайтын қашықтықта 20 спортшы ішінен жуан ортаға жақын болғаны біз үшін күтпеген демесек те, тәуір нәтиже саналды. Әрине, олимпиада рекордын жаңартқан нидерландылық Ирен Схутеннен 8 секундтан астам уақыт ұтылса да, олимпиадаға алғаш қатысқан конькишіміздің сәл болмаса, 5000 метрге іріктелуге аз қалғаны да жұбаныш болды. Бұл жарыстан кейін Надеждының өзі де қатты серпілді. «Мен барымды салдым. 3000 метр оң жамбасым келетін қашықтық емес. Енді 1500 метрде қайтсем де жүлде алуға тырысамын» деп мәлімдеді ол. Бұл батыл сөз еді. Шын мәнінде, жанкүйер ретінде біз Морозованың жарыс рухын, қарсыластарының мүмкіндігін толық сезінгенін түсінгендей болдық. Сөйтіп, іштей жүлде күттік. Алайда, олимпиада жүлдесі өзі келіп уысымызға түскен жоқ. 1500 метрлік жарыста



Морозова 11-жұпта нидерландылық Антуанет де Йонмен бірге жүгірді. Мықты қарсыласпен бәсекелес болатынына бір жағынан қуансақ, екінші жағынан, қорқақтадық та. Морозова соңғы 50–60 метрге дейін өзіне дейінгі он жұптың нәтижесінен кемі 0,12 секунд алда келе жатты да, сосын қатты барлығып қалды. Яғни соңғы метрлерге шамасы жеткен жоқ. Нәтижесінде 30 спортшы ішінен он бесінші нәтиже

тіркеді. Жеңімпаз атанып, олимпиада рекордына түзету жасаған Ирен Вюстен (Нидерланды) 3,57 секунд қалыңы болды. Ал қатар жүгірген Де Йон олимпиаданың қола жүлдегері атанды.

Дегенмен, Морозованың жарысы әлі аяқталған жоқ. Бүгін ол 1000 метрде, ал олимпиада соңына қарай жалпы жарыста сынға түседі. Қашықтық сайын нәтижесі жақсарып келе жатқан спортшымыздан әлі де үміт күтеміз.

ШОРТ-ТРЕК

Әжіғалиев: бір қадам жетпей қалған жеңіс

Шорт-трекші Абзал Әжіғалиев осымен екінші рет олимпиаданың ашылу салтанатында ту ұстаушымыз болды. Сочи Олимпиадасында ол командалық сында жүлдеге ілінуге аз қалса, бұл жолы жеке сында үздік үштікке бір саты жетпей тоқтады.

Абзал Бейжіңде аралас эстафетаға қатысты да, күшін 500 метрлік жарысқа сақтады. Бұл бағдарламада ол олимпиада фавориттердің бірі ретінде танылғаны заңдылық болатын. Әлем кубогы кезеңдерінде, Азия ойындарында, Универсиадада отандасымыз өзін жан-жақты мойындатты. Бейжің төрінде де ол кезең сайын түлеп отырғандай болды. Іріктеу жарысында олимпиада чемпионы Хван Дай Хонмен (Оңтүстік Корея) мәреге іркес-тіркес жетсе де, бәрібір даңқты қарсыластың алдын орап үлгерді. Әжіғалиев мұны қарсыластының мысын басу үшін іске асырғанын ішіміз сезді. Ширек финалда соңғы қосымша жолдама соңғы сәттерде ғана Абзалдың уысына түсті: ол жылдамдық бойынша қытайлық Рен Зивейден сәл ғана алда болды. Жартылай финалда қос қарсыластының бірдей құлағанын Әжіғалиев сәтті пайдаланды. Ал финалды ішкі жолақтан бастаса да, Абзал төртінші сатыға сырғып кетті де, сол ретпен жарысты аяқтады. Шындығында, ол жүлдеге әбден лайық еді. Финалда өзімен егес-



кен қола жүлдегер Стивен Дюбуадан (Канада) бағы кем демесеніз, бабы еш кем болған жоқ. Өттең, қолда тұрған жүлде осылайша сусып кетті. Әйтпесе, басқа-басқа, шорт-трекшілеріміз олимпиаданың бір жүлдесіне әбден лайықты еді. Бұған дейін Әділ Ғалиахметовтің 1000 метрде финалға шығып, 10 спортшы ішінде сегізінші болғанын медеу тұтқанбыз.

«Олимпиадаға іріктеу мен үшін қиын өтті. Себебі, осының алдындағы маусымды денсаулығым байланысты дұрыс өткізе алмаған едім. Менің спорттағы ең үлкен арманым – шорт-тректі дамыту. Қазақ балалары қысқы спортқа әлсіз деген стереотипті бұзғым келді. Біздің де коньки теуіп, сырғанап алатынымызды көрсеткім келді.

Жанкүйерлер жазғы спорт түрлеріндегі атлеттерді бірден танып жатады. Ал қысқы спортта қанша жүлде алып жүрсе де, шорт-трекшілер тасада қалып қояды. Басты мақсатым – жанкүйері осы ойдан арылту болды. Еліміздегі ең жас спорт түрлерінің бірі екеніне қарамастан, біздің шорт-трекшілер әлем кубогы кезеңдерінде үнемі жүлде алып жүр. Әлемде алғашқы ондыққа енеміз. Бұл дәстүр одан әрі жалғасарына сенемін.

Ал бүгін қазақ халқын қуантқым келді. Бар күшімді салдым. Финалда дейін екі бірдей олимпиада чемпионы жарыс жолынан шығып қалды. Осындай бәсекелестіктен ақтық сынға жеткенім қуантады. Өкінішке қарай, медаль бұйырмады», – деді Абзал.

ШАҢҒЫ

Үздік үштіктің үздіксіз егесі



Шаңғымен жүгіруден отандастарымыз Евгений Величко мен Дмитрий Пухало да, төрт қызымыз да қуантып жатқан жоқ. Есесіне, әлем Александр Большунов-Йоханнес Клебо-Иво Нисканен үштігінің тамаша тартысын қызыға тамашалап келеді.

Ресейлік Большунов екі қашықтықта алтын иеленіп, жалпы қатысқан бес қашықтықта да жүлдеге қол жеткізсе (тағы екі күмісі мен бір қоласы бар), норвегиялық Клебо екі спринтте де топ жарды, эстафетаның күмісі мен 15 шақырымға классикалық жарыстың қоласын тағынды. Финляндиялық Нисканен 15 шақырымның алтынның жеңіп алып, командалық спринттің күмісі мен 30 шақырымдық аламанның қоласын қағып әкетті.

Әйелдер арасында Тереза Йоханс (Норвегия) олимпиадаларға кеткен есесін мықтап қайырды. Ол екі жеке жарыста ешкімді шаңына ілестірген жоқ. Спринтте швед қыздары мықтылығын дәлелдеді.

Бетті дайындаған Естен САБАЛАҚ.



ТҰЛҒАТАНУ

ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ САҢЛАҒЫ

Шәкен Айманов туралы бірер сөз

Шәкен Айманов десе, бұл есімді бүгінде жас та, кәрі де біледі. Демек, оның бүкіл саналы ғұмырын ұлттық театр өнері мен кино саласының қалыптасуы мен дамуына арнағаны бекерге кетпепті.

Серектастың басындағы бала

Оның азан шақырып қойған аты – Шаһкерім. Ол кішкентай күнінен жездесі Қали Байжановтың әндерін тыңдап өскен. Домбыраға, ән-жырға жақын болған. Ойынсауық, жиын-той десе жанып тұрған, барған жерінде өлең оқып, елді тәнті еткен. Бала күнінде қара жұмысты жақтыра қоймаған деседі. Үйдегілер бір жұмысқа жұмсай қалса, ауырып қалған сыңай танытады екен. Үлкендер осы қылығы үшін ұрысқанда, ауыл маңындағы Серектастың басына шығып алып жылап отыратын көрінеді. Әкесінің ағасы Аббас: «Тиіспендер оған, тегін жылап отырған жоқ, өнер қысып жылап отыр», – деп оны қорғай түседі екен.

Сөйткен бозбаланы ауыл мектебін бітірген соң, 1924 жылы үлкен ағасы Қажымұрат Семейге оқуға алып кетеді. Өзі мұғалім болған соң, Шәкенді де мұғалімдікке тартады. Әуелде «Казкоммунаға», кейіннен Халық ағарту институтына оқуға түсірген. Осы институтта оқып жүргенде Шәкеннің қолынан домбыра мен мандолина түспей, неше түрлі көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатыса жүріп, халық үйінде Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр» спектакліне қатысады. Қойылымдарда ойнап жүріп Алматыдан арнайы келген Ғабит Мүсіреповтің көзіне түсіп, Алматыдағы кәсіби театрға жол тартады.

Театр және 100 роль

Атақты режиссердің шығармашылық жолына көз салсақ, ол 1933 жылдан бастап қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ драма театрында жұмыс істеп, 100-ден астам рольді сомдайды. Олардың ішінде Петруччио («Асауға тұсау»), Хлестаков («Ревизор»), Кодар («Қозы Көрпеш – Баян сұлу») сынды көптеген образ бар. Шәкен Айманов өнер көрсеткен спектакльдердің барлығы да аншлаппен өтіп отырған.

1940 жылы «Ленфильм» режиссері Левин Ш. Аймановты М. Әуезовтің сценарийі бойынша түсіріліп жатқан «Райхан» фильміне, Сәрсеннің роліне шақырады. Бұдан кейін 1942 жылы «Ақ гүл» фильмінде майдангерді, 1946 жылы «Абай өлеңдерінде» Шәріпті, 1948 жылы «Алтын мүйіз» Досановты ойнайды.

Ұлттық кино

Ш. Айманов 1954 жылы өзінің «Махаббат туралы поэма» атты режиссерлік туындысын көрерменге ұсынады. Бұдан өзге, ұлттық кинематографияның алтын қорына енген 10-нан астам көркем фильм түсірді. Олар – «Дала қызы», «Махаббат туралы аңыз», «Біз осында тұрамыз»,



«Біздің сүйікті дәрігер», «Бір ауданда», «Ән шақыруда», «Жол түйісі», «Алдар көсе», «Ата-бабалар мекені», «Такиялы періште» және т.б.

Осылардың ішінде «Такиялы періштенің» сценарийі шынайы өмірден алынған. Экранға шыққанына жарты ғасырдан асқан бұл картина, арада қанша ұрпақ ауысса да, әлі күнге көрерменін жалықтырған емес.

Айманов театрдан киноға ауысуының себебін «Мен театрды жан-тәніммен сүйемін, бірақ ол кино сияқты қалың көрерменге жетпейді. Спектакль бір театрда жүреді, әрі кетсе бірнеше театрда қойылуы мүмкін. Ал фильмді мыңдаған адам көреді», – деп түсіндірген екен.

Турашыл мінез

Кез келген отырыстың сәнін кіргізетін Шәкеннің үйде жалғыз отыратын кездері сирек болған. Достары оның ашық-жарқын, жомарт мінезін жоғары бағалап, «бүгінгі заманның серісі» деп атаған. Материалдық құндылықтарды екінші орынға ысырып, достармен әңгіме-дүкен құрғанды, жұртпен араласқанды ұнатқан. Көптің арасында жиі жүрген.

Шәкен Айманов турашылдығымен де танымал болған.

Қалай десек те, Қазақстанның халық артисі, КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Шәкен Кенжетайұлы Аймановтың есімі ел жадында бәрінен бұрын қазақ киносы тарихында тұңғыш рет ұлттық киноны түсірген адам ретінде және оны барынша биікке көтерген талант ретінде мәңгілік сақталады.

Дайындаған Нұржамал ӘЛШЕВА.

ӘДЕБИ КЕШ

Ақын әлеміне бойлады




Рая
ЕСКЕНДІР

Жетісу аудандық «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубы тәрбиеленушілері Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орайластырып, «Мұқағали – мәңгілік!» тақырыбымен музыкалық-сахналық әдеби кеш өткізді.

ҚҰРМЕТ

«Жұлдыз» орнатылды



«Қазақфильм» киностудиясы аумағында 99 жасқа толған ҚР халық әртісі Юрий Померанцевке арналған ескерткіш жұлдыздың салтанатты ашылуы өтті.



Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Аталмыш шараға денсаулығына байланысты Юрий Померанцевтың өзі қатыса алмады. Салтанатты шараға «Қазақфильм» киностудиясы мен М.Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс

драма театры басшылығы мен ұжымы, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының өкілдері, Шәкен Аймановтың туған туыстары, белгілі кинегерлер мен журналистер қатысты. «Біздің сүйікті дәрігер» фильмінде басты рөлді сомдаған ҚР халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Юрий Борисович Померанцевке арналған атаулы жұлдыз жанды», – деді «Қазақфильм» киностудиясының президенті Ақан Сатаев.

Аталған шараға М.Лермонтов атындағы ұлттық орыс драма театрының директоры Юрий Якушев қатысып, киностудия басшылығына ілтипат білдіргені үшін алғыс айтып, келесі жылы Юрий Померанцевтың 100 жылдық мерейтойы тойланатынын атап өтті.

Іс-шарадан кейін Қазақ киносының музейінде қонақтарға арналған шағын экскурсия өткізілді. Экскурсия барысында «Қазақфильмнің» президенті Ақан Сатаев жиналғандарға жаңғырту бағдарламасы бойынша киностудияға сатып алынған жаңа кинотехниканы таныстырды.



АЛМАТЫ КӨШЕЛЕРІ

Көше аты кімге берілген?

Шаһарымызда 2 мыңнан астам көше бар. Сол көшелермен күнделікті әрі-бері өтіп жүргенімізбен, кейбірінің аты кімге тиесілі екенін біле бермеуіміз мүмкін. Ендеше, Алматы көшелеріне аты берілген тарихи тұлғалармен танысайық.



Малбағар Меңдіқұлұлы



Малбағар Меңдіқұлұлы – Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген сәулетшісі және Қазақстан сәулет мектебінің негізін қалаушылардың бірі. Ресейдің Орынбор облысы Қарабұтақ ауылында туған. Өз еркімен әскерге аттанып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Ташкенттегі Орта Азия индустрия институтын бітірген. Сәулетші Алматыдағы Неке сарайының, Мұхтар Әуезов пен Жамбыл Жабаев бюст-ескерткіштерінің, Мәскеудегі Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіндегі қазақ павильонының және қаламыздағы біршама ірі дүкендер мен кафелердің жобасын жасаған. Алматының орталық бөлігінің жоспарын құрып, қазіргі Достық даңғылын, Семей қаласындағы Абай мұражайын қалпына келтіру жұмыстарына зор еңбек сіңірген.

1989 жылдан бері Жолдасбеков және әл-Фараби көшелерімен қиылысатын Медеу ауданындағы бульварға Малбағар ағамыздың аты-жөні берілген.

Антон Рубинштейн



Антон Григорьевич Рубинштейн – композитор, пианист, дирижер, музыка мұғалімі. Рубинштейн – тарихтағы ең шебер фортепиано орындаушыларының бірі ретінде әлемдік деңгейде мойындалған. Композитор 1829 жылы 16 қарашада Подольск облысының (бүгінгі Украинаның Одесса облысы) Выхватинец ауылында еврей отбасында дүниеге келген. Шығармашылық және ағартушылық жұмыстарымен Санкт-Петербург қаласында айналысқан. Рубинштейннің ең танымал жұмыстарына «Кек», «Сібір аншылары», «Ақымақ Фомка» опералары жатады.

Медеу ауданындағы кішігірім көшеге Ресей композиторының аты берілген.

Жұмат Шанин



Жұмат Тұрғынбайұлы Шанин – режиссер, драматург, актер, қоғам және театр қайраткері, Қазақ АКСР-інің халық артисі. Қазақ ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін салушылардың бірі. 1892 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Режиссер қазақ драматургтері пьесаларының үлкен сахнаға шығуына көптеп үлес қосқан. Қазақстан аумағында жаңа театрлардың ашылуы мен жалпы театр өнерінің дамуына атсалысқан. 1926 жылдан бастап Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрының директоры ретінде қызмет атқарған. 1934 жылы музыкалық театрдың құрылуына қатысып, «Жалбыр», «Қыз Жібек» пен «Ер Тарғын» пьесаларын қойған. Өзінің «Арқалық батыр», «Шахта» сынды еңбектері танымал.

2006 жылы Райымбек даңғылымен қиылысатын Әуезов ауданындағы көше есімі Жұмат Шаниннің құрметіне қойылды.

Тұрғыт Өзал



Тұрғыт Өзал – 1989–1993 жылдары Түркияны басқарған, осы елдің 8-ші президенті. Тұрғыт Өзал бұрынғы Кеңес аумағындағы жаңа құрылған тәуелсіз түркі мемлекеттерінің аяғына тік тұрып, әлемге тең дәрежеде танылуына өзіндік үлес қосты. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағанда Тұрғыт Өзал оны алғаш мойындаған президент болды. Ол 1993 жылы Қазақстанға арнайы сапармен келіп, Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне зиярат етті. Бүгінгі халықаралық деңгейдегі Түркістан университетінің ашылуына қолдау жасады.

Алмалы және Бостандық аудандарына созылатын бұрынғы Бауман көшесіне бүгінде Түркия президентінің аты берілген.

Досбол АТАЖАН.

КОНКУРС

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай ескерткіштің ең үздік жобасына ашық конкурс БАҒДАРЛАМАСЫ мен ШАРТТАРЫ



1. Конкурс мақсаттары

Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер бойынша Мемлекеттік комиссияға ұсыныстар енгізу үшін белгілі қазақ ағартушысы, саяси және мемлекет қайраткері, ғалымға қойылатын ескерткіштің ең үздік концептуалды мүсіндік-көркемдік нәтижесін анықтау.

2. Конкурс бағдарламасы

Ахмет Байтұрсынұлының ескерткіші саясаткер, ғалым, педагог, әдебиетші тұлғаның көпқырлы бейнесін ашып, рухының асқақтығын және қайраткердің қатал тағдырын көрсете білуі керек.

Ескерткіш қоршаған ортаның архитектуралық және ландшафтты жағдайына үйлесімді болуы қажет.

Жобада қатты материалдар қолданылуы керек (мәрмәр, гранит, қола, т.б.).

Орналасу мекенжайы – Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Жамбыл көшесінің солтүстігі, Байтұрсынұлы көшесінің шығысы.

3. Конкурс шарттары

Байқауға кез келген қатысушы, авторлық топтар қатыса алады. Конкурс мерзімі – 2022 жылғы 17 ақпаннан 17 наурызға дейін. Жобалар 2022 жылдың 17 наурызынан кешіктірмей 050000, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 56, Алматы қаласы Мәдениет басқармасы, №3038 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Басқа қалалардан қатысушы авторлар жобаларды белгіленген мерзімнен кешіктірмей Алматы қаласының Мәдениет басқармасына пошталық түбіртек нөмірін алдын ала хабарламамен жібереді. Байқауға жобалар алты таңбалы санмен көрсетілген ұранмен ұсынылады. Девиз конкурсқа ұсынылған барлық жобалық материалдардың оң жақ жоғарғы бұрышында, сондай-ақ девиз конвертінде (биіктігі 1 см) жазылған. Жабық девиз конвертінде жоба авторының тегі, аты-жөні және мекенжайы көрсетілген ақпараттық парақты салу керек.

2 беттен аспайтын қысқаша түсіндірме жазба 2 данада ұсынылады. Times New Roman шрифті, бір жол интервалымен №14 өлшемде. Жазбада негізгі ой, ескерткіштің көркемдік шешімінің принциптері және кеңістікті ұйымдастыруы жайлы айтылуы керек.

Конкурстың қорытындылары туралы шешімді Алматы қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиясы қабылдайды.

Конкурс шарттарын бұзған жобалар конкурсқа жіберілмейді және Комиссияда қаралмайды.

4. Конкурстық жобалық ұсыныстардың құрамы және ұсынылған материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар

- | | |
|--|----------------|
| 1. Ескерткіш эскизі (мүсіндік композиция) | масштабы 1:10 |
| 2. Негізгі жоба (схемалық жоба) | масштабы 1:200 |
| 3. Ескерткіштің 2 қасбеті (мүсіндік композиция) және 1 көрініс | масштабы 1:20 |
| 4. Түсіндірме хат | |

Жобалар 60x80 см. өлшемді планшеттерде ұсынылады. Графикалық орындалу әдісі – түрлі-түсті, орналасу техникасы мен материалы – авторлардың қалауы бойынша. Қосымша ақпарат пен анықтамаларды алу үшін байланыс телефоны 8 (727) 391-65-31.

БЕЙЖІҢ-2022: ПАРАЛИМПИАДА

Ел құрамасы анықталды



13.35 Анимация. Отандық / «Қажымұқан»
14.00 Анимация. Отандық / «Жібек»
14.15 «Қайталайық!» жаттығу
14.30 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
14.45 «Сиқырлы ас үй» Мультхикая.
15.40 «Үйрен де жирен!» танымдық бағдарламасы
16.05 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
16.20 «Жасөспірім Марко Полоның хикаялары» Мультхикая.
16.45 «Пороро» Мультхикая.
17.10 Анимация. Отандық / «Сақалар»
17.30 Анимация. Отандық / «Трансформер Тұлпар»
17.50 Расулдың хикаялары ситкомы
18.15 «Байқа, балақай!» танымдық жобасы
18.25 «Көртешқан мен панда» Мультхикая.
18.50 «Айгөлек» музыкалық бағдарламасы
19.05 «Смайтиктер» Мультхикая.
19.35 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
19.45 Анимация. Отандық / «Сәби»
20.00 Анимация. Отандық / «Жібек»
20.15 Анимация. Отандық / «Ертемір»
20.40 Анимация. Отандық / «Қазақстан барысы»
20.55 «Қайталайық!» жаттығу

21.10 «Айдаһар Дигби» Мультхикая.
21.20 «Питер Пэн» Мультхикая.
22.10 «Сиқырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.25 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
22.40 Анимация. Отандық / «Балақайлар»
22.55 Анимация. Отандық / «Тәп-тәтті хикая»
23.15 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
23.35 Анимация. Отандық / «Еркелер»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



TALIM TV

07.05 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Өнер қырандары
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.00 Ем болсын
10.10 Біздің жанұя
10.30 «Саморазвитие» – Маржан коуч
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Ой-талқы
13.10 Ем болсын
13.20 «Тәлім TREND» – Отбасы психологиясы. мәселе мен шешім
14.10 Емен жарқын
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 Қазақы әңгіме
16.40 Абай жолы
17.10 Тамашаліке
17.40 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.15 «Заблудившийся» – Художественный фильм
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Идея
21.00 25 сағат
22.00 Talim Speakers
22.30 Руханият
23.00 «Summary 100 кітап»
23.30 Жақсы кино



АСТАНА

06.00 «Хон Гиль Дон» корей телехикаясы
07.20 «Маша и медведь» М/ф
09.20 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
11.20 «Қызым» түрік телехикаясы
12.20 «Қара ниет» түрік телехикаясы
13.30 «Жұлдыздар айтысады»
18.00 «Шаншар»
20.00 «Астана кеші көңілді»
21.00 «Қара ниет» түрік телехикаясы
22.00 «Қарындасым, қарлығашым» үнді телехикаясы
23.40 «Ой мен ойын»
01.40 «Сүлеймен Сұлтан» түрік телехикаясы
02.30 «1001 түн» түрік телехикаясы
03.20 Астана кеші көңілді
04.00 «Біздің ауыл»
04.50 «Белгісіз жан» түрік телехикаясы
05.30 «KazNet»

ЖЕКСЕНБІ
27 АҚПАН

Almaty™ АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Концерт
8.00 Детский кино клуб
9.30 Детский кино клуб
11.00 Отандық кино
13.00 Әсем әуен
14.00 Almaty BalaFEST
15.00 Женский кино клуб
19.00 Концерт
21.00 Светлая линия
22.00 Любимое кино
1.15 Үздік әзілдер
2.45 Концерт
4.15 Алматы кеші
5.30 Әсем әуен
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Дала өркениеті.
Деректі фильм.
6.30 «Күміс көмей».
Ұлттық музыкалық
танымдық
бағдарлама
7.15 «Ұзақ ғұмыр құпиясы».
Деректі фильм.
8.05 «Aqsaуut»
8.30 Дисней ұсынады.
«Қайтпас қайсарлар».
Мультфильм. (АҚШ,
Жапония, 2014 ж.)
10.00 «Дениз».
Телехикая.
12.00 «Ән мен әнші»
14.00 Дисней ұсынады.
«Суперотбасы».
Мультфильм.
АҚШ, 2014 ж.)
15.45 «Анамды іздеймін-2».
Көркем фильм
17.25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ».
18.00 «ДЕНИЗ».
Телехикая.
20.00 «АРТА».
Сараптамалық
бағдарлама.
Тікелей эфир
20.50 «Жүзден жүйрік»
22.30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ».
Телехикая.
23.30 «Qazaqstan дауысы».
1.20 «Arta».
Сараптамалық
бағдарлама.
2.10 «Дала өркениеті.
Деректі фильм.
2.35 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал.
«Город особого
назначения»
7.00 Телесериал.
«Департамент»
9.00 «Самопознание»
9.15 «Ән әлемі»
10.00 «Тайны. Судьбы.
Имена». Ахмет
Байтұрсынов
11.00 Кино.
«Песнь о Маншук»
12.15 Телехикая
марафоны.
«Келінжан-3»
14.15 Тұсаукесер!
«Маска»
2 маусым
16.00 Телесериал.
«Город особого
назначения»
18.00 Мегахит.
«Паранойя»
20.00 «Хит жазамыз»
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа
«7 күн»
22.00 «Большая неделя».
Прямой эфир
23.30 Кино.
«Последние холода»
0.30 Әсем әуен
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
07.30 «Күліп ALL»
(қайталау)
09.00 TeleBingo.
Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Ералаш
10.15 Мультсериал
«Аладдин»
10.45 Анимационный фильм
«Облачно, возможны
осадки в виде
фрикаделек»
(повтор)
12.45 КИНО.
Хлоя Грейс Морец
в боевике
«Воздушный бой»
(повтор)
14.35 КИНО.
Николас Кейдж
в боевике
«Призрачный гонщик»
(повтор)
17.10 КИНО.
Николас Кейдж
в боевике
«Призрачный
гонщик-2»
(повтор)
19.10 КИНО.
Лиам Нисон
в боевике
«Заложница-2»
21.00 «Bizdin show»
23.00 «Кім кінәлі»
ток-шоуы
(қайталау)
00.00 Анимационный
фильм «Унесенные
призраками»
02.00 Тамаша live
(қайталау)
03.00 Әзіл студия
04.00 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...»
бағдарламасы
6.45 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.30 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
8.00 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.50 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
9.05 Анастасия Панина,
Кирилл Жандаров
в многосерийном
фильме «ТРИ ПЕСНИ
ДЛЯ ЗОЛУШКИ»
13.00 «ҚАЗАҚША ТУРИЗМ.
DUBAI»
13.30 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ.
ОТЦЫ И ДЕТИ»
15.25 Фильм «НОЛЬ»
17.20 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
18.25 ШОУ МАКСИМА
ГАЛКИНА
«ЛУЧШЕ ВСЕХ»
20.00 «ГРАНИ».
Прямой эфир
21.00 Наталия Антонова,
Алексей Барабаш
в многосерийном
фильме «НЕ БЫЛО БЫ
СЧАСТЬЯ-2»
0.40 «ТОЧЬ-В-ТОЧЬ»
2.55 «П@УТИНА»
бағдарламасы
3.40 «ӘЙЕЛ СЫРЫ...»
бағдарламасы
4.25 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
До 4.50

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Т/п «Гу-гулет»

07.00 Т/п «Құтты қонақ»
08.00 Т/с «Өсекшілер»
10.00 Т/п «Орёл и решка»
12.00 Шоу «Маска»
15.00 Т/с «Өсекшілер»
17.10 Т/х «Тақиясыз
періште»
19.20 Т/х «Көрші»
21.00 Х/с «Забытая
женщина»
00.50 Х/ф «Самый пьяный
округ в мире»
03.00 Т/х «Тақиясыз
періште»
04.40 Скетчком «Q-елі»
05.10 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МЕРЕКЕЛІК
КОНЦЕРТ»
07.50 «ӘН МЕН ӘНШІ»
09.20 «ДОМ КУЛЬТУРЫ И
СМЕХА»
11.00 «ЕЕ СЕКРЕТ»,
криминальная драма
(повтор)
14.40 «УАҚЫТ»,
көркем фильм
16.10 «АШ БӘЛЕДЕН
ҚАШ БӘЛЕ»,
көркем фильм
17.50 «АНАЛАРДЫҢ АНАСЫ»,
Роза Әлқожаның
ән-шауы
20.00 «AQ МАМА»,
ток-шоу.
Жаңа маусым!
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым
22.00 «ЛЮБИМАЯ»,
мелодрама.
23.45 «ЧУМА», криминальная
драма
(повтор)
01.30 «УАҚЫТ», көркем
фильм
(қайталау)
02.40 «АШ БӘЛЕДЕН
ҚАШ БӘЛЕ»,
көркем фильм
03.50-
04.30 «МЕРЕКЕЛІК
КОНЦЕРТ»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 БАСКЕТБОЛ. ВТБ.
«Астана» – «УНИКС»
9.05 «ГАРМОНИЯ ТЕЛА».
7-программа
9.15 «Қазақ футболының
шоқжұлдызы».
Дінмұхаммед
Сүлейменов. Деректі
фильм
9.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. «Жетісу» –
«Ертіс». (Әйелдер).
4 тур. Тікелей эфир
12.00 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар
Лигасының журналы
12.35 «ИСПЫТАНО НА
СЕБЕ».
(Кайтсерфинг)
12.55 ТЕННИС. ITF W60.
Тікелей эфир
14.55 «СҰХБАТ». Қайрат
Боранбаев
15.30 «КЕСКЕКТІ ЕРДІҢ
СОЙЫ». Арнайы жоба
15.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. «Алматы» –
«Қарағанды». (Әйелдер). 4 тур.
Тікелей эфир
18.00 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа
және Конференция
Лигасының шолуы
18.55 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. «Қуаныш» –
«Алтай-2». (Әйелдер).
4 тур. Тікелей эфир
20.55 «С VOLLEY K ПОВЕДЕ».
4 выпуск. (Жетісу)

21.20 Арнайы репортаж
21.45 КӘСІПҚОЙ БОКС.
Василий Ломаченко –
Ричард Комми
0.15 Олимпиада
ойындарына
қорытынды шолу
Әнұран
0.40

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік
Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Сақалар»
7.35 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
7.45 «Пороро»
Мультхикая.
8.10 «Көртешқан мен
панда»
Мультхикая.
8.35 Анимация. Отандық /
«Трансформер Тұлпар»
8.50 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
9.15 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген
Күнекей»
9.30 Анимация. Отандық /
«Қобыланды батыр»
10.10 Анимация. Отандық /
«Тәп-тәтті хикая»
10.25 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
10.40 «Күн сәулелі көжектер»
Мультхикая.
11.10 «Расулдың хикаялары»
ситкомы
11.30 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен
балалар»
11.40 «Смайтиктер»
Мультхикая.
12.10 «Айдаһар Дигби»
Мультхикая.
12.40 «Айгөлек» музыкалық
бағдарламасы
13.00 «Қос алқа»
музыкалық-танымдық
бағдарламасы
13.10 «Супер әке»
Мультхикая.
13.35 Анимация. Отандық /
«Оқсыз оқиғасы»
14.00 Анимация. Отандық /
«Жібек»
14.15 «Қайталайық!»
жаттығу
14.30 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
14.45 «Сиқырлы ас үй»
Мультхикая.
15.40 «Үйрен де жирен!»
танымдық
бағдарламасы
16.05 Анимация. Отандық /
«Балақайлар»
16.20 «Жасөспірім Марко
Полоның хикаялары»
Мультхикая.
16.45 «Пороро»
Мультхикая.
17.10 Анимация. Отандық /
«Сақалар»
17.40 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
17.50 Анимация. Отандық /
«Қобыланды батыр»
18.15 Анимация. Отандық /
«Трансформер Тұлпар»
18.25 «Көртешқан мен
панда»
Мультхикая.
18.50 Анимация. Отандық /
«Әсем әуен»
19.05 «Смайтиктер»
Мультхикая.
19.35 «Айгөлек» музыкалық
бағдарламасы
19.55 «Қос алқа»
музыкалық-танымдық
бағдарламасы
20.05 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
20.35 Анимация. Отандық /
«Жібек»
20.55 «Қайталайық!»
жаттығу

21.10 «Айдаһар Дигби»
Мультхикая.
21.20 «Питер Пэн»
Мультхикая.
22.10 «Сиқырлы бөлме»
кешкі ертегі.
22.25 Анимация. Отандық /
«Тәп-тәтті хикая»
22.40 Анимация. Отандық /
«Күлкі іздеген
Күнекей»
22.55 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
23.15 Анимация. Отандық /
«Балақайлар»
23.35 Анимация. Отандық /
«Қалалар мен
балалар»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

TALIM TV TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Тәтті time – Аспаз
уақыты
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Ем болсын
10.10 «Баланы бала деменіз»
– Балалар уақыты
10.30 Orken style
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
12.00 Ем болсын
12.20 Рухани байлық
13.10 Ем болсын
13.20 «Тессаодағы тіршілік
формуласы-1» –
Деректі фильм
14.10 Тәлім History
14.50 Ем болсын
15.00 «Сырласайық» (Архив)
– Қайталау
16.00 «Тессаодағы тіршілік
формуласы-1» –
Деректі фильм
16.40 «Сағыныш» – Қысқа
метражды фильм
17.40 «Бабалар сөзі – өсиет»
– Терме
18.00 Ұлттық спорт –
Теңгеші
19.00 Өнер қырандары
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.00 ОңLine
22.00 Talim Speakers
22.30 Руханият
23.00 Абайдың жолы
23.30 «Сырласайық»
Психологиялық
бағдарламасы

АСТАНА

06.00 «Хон Гиль Дон» корей
телехикаясы
07.20 «Маша и медведь»
М/ф
09.20 «Қарындасым,
қарлығашым» үнді
телехикаясы
11.20 «Қызым» түрік
телехикаясы
12.20 «Қара ниет» түрік
телехикаясы
13.30 «Алдараспан»
18.00 «Тараз» Худ фильм
20.00 «Астана кеші
көңілді»бағдарламасы
20.45 «Аялы алақан»
21.00 «Қара ниет» түрік
телехикаясы
22.00 «Қарындасым,
қарлығашым» үнді
телехикаясы
23.40 «Шаншар»
01.40 «Сүлеймен Сұлтан»
түрік телехикаясы
02.30 «1001 түн» түрік
телехикаясы
03.20 «Астана кеші көңілді»
03.50 «Аялы алақан»
04.00 «Біздің ауыл»
04.50 «Белгісіз жан» түрік
телехикаясы
05.30 «KazNet»

ДҮЙСЕНБІ
21 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Поле чудес» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
10.20	Сергей Никоненко, Нина Русланова в фильме «Завтра была война» (12+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. Игорь Костолевский и Игорь Гордин в шпионском триллере «Серебряный волк» (16+)
20.05	«Вечерний Ургант» (16+)
20.45	«Познер» (16+)
21.40	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
1.00	«Мужское / Женское» (16+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Олег Чернов, Дарья Юргенс в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-4».
	«Четырнадцатилетний капитан», «Море страха» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-4». «Море страха» (продолжение), «Переправа», «На предельной скорости» (заключительная серия).
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.45	«За гранью».
17.55	«ДНК».
19.00	«Сегодня».
20.00	Премьера. Сергей Маховиков, Лянка Грыу в остросюжетном детективном сериале «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ» 1-я и 2-я серии.
22.05	Владимир Данай, Анна Арефьева в остросюжетном сериале «ГЕНИЙ» 1-я и 2-я серии.
0.10	«Основано на реальных событиях». «Бриллиантовая мафия». 1-я серия.
1.00	«Сегодня».
1.15	Никита Панфилов в детективном сериале «ПЁС» 1-я - 4-я серии.
5.20	«Эксклюзив».

СЕЙСЕНБІ
22 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Серебряный волк». Многосерийный фильм (16+)
19.15	Премьера. Юбилейный концерт Вячеслава Бутусова (12+)
21.05	«Познер». Гость Вячеслав Бутусов (16+)

22.00	Сергей Бодров (мл.), Виктор Сухоруков в фильме Алексея Балабанова «Брат» (16+)
23.40	Сергей Никоненко, Нина Русланова в фильме «Завтра была война» (12+)
1.10	«Наедине со всеми» (16+)
1.50	«Модный приговор» (6+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Олег Чернов, Дарья Юргенс в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-5».
	«Что упало, то пропало», «Приглашение на вечеринку» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-5».
	«Приглашение на вечеринку» (продолжение), «Секретная тюрьма», «Кругосветка».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.45	«За гранью».
17.55	«ДНК».
19.00	«Сегодня».
20.00	Премьера. Сергей Маховиков, Лянка Грыу в остросюжетном детективном сериале «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ» 3-я и 4-я серии.
22.05	Владимир Данай, Анна Арефьева в остросюжетном сериале «ГЕНИЙ» 3-я и 4-я серии.
0.10	«Основано на реальных событиях». «Бриллиантовая мафия». 2-я серия.
1.00	«Сегодня».
1.15	Никита Панфилов в детективном сериале «ПЁС». «Шлюха», «Амнезия», «Артист», «Внутреннее расследование».
5.20	«Александр Журбин. Мелодии на память».

СӘРСЕНБІ
23 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
7.00	Новости
7.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
7.20	Премьера. Александр Невский» (12+)
9.00	Новости
9.05	«Алина Покровская. Мои «Офицеры» (12+)
10.00	Фильм «Крепость Бадабер» (16+)
13.25	Премьера. Концерт Ансамбля имени Александрова в Большом театре (12+)
14.40	Премьера. Юбилейный концерт Николая Расторгуева и группы «Любэ» (12+)
16.10	Премьера. Константин Лавроненко, Елена Север в приключенческом фильме «Сирийская соната» (16+)
18.00	«Время»
18.20	Легендарное кино в цвете.
19.55	Концерт к 50-летию фильма «Офицеры» (12+)
22.10	Наталья Андрейченко, Николай Бурляев в фильме «Военно-полевой роман» (12+)
23.40	Серго Закариадзе в фильме «Отец солдата» (12+)
1.15	«Наедине со всеми» (16+)

НТВ-МИР

6.00	Лев Дуров, Юрий Назаров в фильме «ЕГОРУШКА».
8.00	«Сегодня».
8.20	Олег Чернов, Дарья Юргенс в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-5».
	«S.O.S.», «Штурм в нейтральных водах» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.20	Сериал. «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-5». «Штурм в нейтральных водах» (продолжение), «Кибератака», «Обмен опытом», «Операция «Тайфун», «Убийство на видео», «Рейдеры», «Драма на ладоге» (начало).
16.00	«Сегодня».

16.20	Сериал. «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-5». «Драма на ладоге» (продолжение), «Дело спецназа», «Билет на паром».
19.00	«Сегодня».
19.45	Премьера. Сергей Маховиков, Лянка Грыу в остросюжетном детективном сериале «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ» 5-я и 6-я серии.
21.55	Владимир Данай, Анна Арефьева в остросюжетном сериале «ГЕНИЙ» 5-я и 6-я серии.
0.00	«Основано на реальных событиях». «Бриллиантовая мафия». 3-я серия.
0.50	Премьера. «Симба: дорога домой».
1.30	Никита Панфилов в детективном сериале «ПЁС». «Бессонница», «Украденное оружие», «Водобоязнь», «Купюра».
5.40	«И снова здравствуйте!»

БЕЙСЕНБІ
24 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.3	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. Юрий Борисов, Владимир Гостюхин в остросюжетном фильме «Красный призрак» (16+)
20.10	«Большая игра» (16+)
21.00	«Его звали Майор Вихрь» (16+)
21.55	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
1.15	«Мужское / Женское» (16+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Олег Чернов, Дарья Юргенс в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-5».
	«Лето. Плаж. Бомба», «Шпионские игры» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-5». «Шпионские игры» (продолжение), «Предсвадебная лихорадка», «Друзья детства».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.45	«За гранью».
17.55	«ДНК».
19.00	«Сегодня».
20.00	Премьера. Сергей Маховиков, Лянка Грыу в остросюжетном детективном сериале «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ» 7-я и 8-я серии.
22.05	Владимир Данай, Анна Арефьева в остросюжетном сериале «ГЕНИЙ» 7-я и 8-я серии.
0.15	«Основано на реальных событиях». «Бриллиантовая мафия». 4-я серия.
1.05	«Сегодня».
1.15	«ЧП. Расследование».
1.50	«Поздняков».
2.05	Никита Панфилов в детективном сериале «ПЁС». «Малыш», «Кошеч», «Мститель», «Побег».

ЖҰМА
25 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)

6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«Человек и закон» с Алексеем Пимановым (16+)
16.50	«Поле чудес» (16+)
18.00	«Время»
18.30	«Две звезды. Отцы и дети» (12+)
20.10	«Вечерний Ургант» (16+)
20.55	Премьера. Оскар за лучший фильм на иностранном языке. Мадс Миккельсен в фильме «Еще по одной» (18+)
22.50	Сергей Светлаков, Юлия Александрова в комедии «Горько! - 2» (16+)
0.30	Евгений Леонов, Олег Янковский в фильме «Гонимые» (12+)
1.50	«Наедине со всеми» (16+)

НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Олег Чернов, Дарья Юргенс в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-5».
	«Остаться в живых», «Корабль-призрак» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-5». «Корабль-призрак» (продолжение), «Старый маяк», «Сбежавшая невеста».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	Александр Половцев, Михаил Трухин в детективном сериале «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-10». «Ошибочка», «Поцелуев мост».
16.00	«Сегодня».
16.45	«ДНК».
18.00	«Жди меня».
19.00	«Сегодня».
20.00	Премьера. Сергей Маховиков, Лянка Грыу в остросюжетном детективном сериале «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ» 9-я - 11-я серии. 12-я серия (заклучительная).
0.10	«Своя правда» с Романом Бабаевым.
2.05	«Захар Прилепин. Уроки русского».
2.40	«Мы и наука. Наука и мы».
3.40	Никита Панфилов в детективном сериале «ПЁС». «Чёрная метка», «Фальшивомонетки».
5.40	«И снова здравствуйте!»

СЕНБІ
26 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Телеканал «Доброе утро. Суббота» (6+)
6.05	«Умницы и умники» (12+)
6.45	«Слово пастыря» (6+)
7.00	Новости
7.20	Премьера. «Операция «Динамо», или Приключения русских в Британии» (12+)
8.15	«Видели видео?» (6+)
9.00	Новости
9.05	«Видели видео?» (6+)
10.00	«Урфин Джюс и его деревянные солдаты». Анимационный фильм (6+)
11.30	Катерина Шпица, Юрий Колокольников в лирической комедии «Завтрак у папы» (12+)
13.00	«Кто хочет стать миллионером?» с Дмитрием Дибровым (12+)
14.20	«Точь-в-точь» (16+)
16.30	«Сегодня вечером» (16+)
18.00	«Время»
18.20	«Клуб Веселых и Находчивых». Высшая лига (16+)
20.15	Премьера. Музыкальная премия «Жара» (12+)
22.05	Юлия Топольницкая, Юрий Быков в комедии «Лови момент» (16+)
23.25	Леонид Куравлёв, Нина Сазонова в фильме Василия Шукшина «Живёт такой парень» (12+)
1.10	«Наедине со всеми» (16+)
1.50	«Модный приговор» (6+)

НТВ-МИР

6.05	Владимир Фекленко в детективном сериале «МУХТАР. НОВЫЙ СЛЕД».
	«Люди и куклы», «Музейный день».
8.00	«Сегодня».
8.20	«Смотр».
8.55	«Поедем, поедим!»
9.35	«Готовим с Алексеем Зиминным».
10.00	«Сегодня».
10.20	Эдуард Флёров в сериале «АГЕНСТВО СКРЫТЫХ КАМЕР». «Жених поневоле», «Поездка без поездки».
11.35	«Главная дорога».
12.15	«Живая еда» с Сергеем Малозёмовым».
13.10	«Квартирный вопрос».
14.15	«Своя игра».
16.00	«Сегодня».
16.25	«Следствие вели...»
19.00	«Центральное телевидение» с Вадимом Такменёвым.
20.25	«Ты не поверишь!»
21.20	«Секрет на миллион».
23.20	«Международная пилорама» с Тиграном Кеосаяном.
0.05	Константин Соловьев, Наталья Высочанская в остросюжетном сериале «РЖАВЧИНА».
	«Авиаразборки».
2.00	«Квартирник НТВ у Маргулиса». «Концерт к 23 февраля».
3.20	Никита Панфилов в детективном сериале «ПЁС». «Месть» (заклучительная серия).
5.15	«Александр Журбин. Мелодии на память».

ЖЕКСЕНБІ
27 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Новости
3.10	Фильм «Время собирать камни» (12+)
4.45	«Играй, гармонь любимая!» (12+)
5.20	«Часовой» (12+)
5.50	«Здоровье» (16+)
6.45	«Непутёвые заметки» с Дм. Крыловым (12+)
7.00	Новости
7.25	Жанна Бадоева в проекте-путешествии «Жизнь других» (12+)
8.15	«Видели видео?» (6+)
9.00	Новости
9.10	«Видели видео?» (6+)
10.25	Марион Котийяр, Сами Насери в фильме «Такси-3» (16+)
11.55	К юбилею Веры Алентовой. «Как долго я тебя искала...» (12+)
12.50	Вера Алентова в фильме «Зависть богов» (16+)
15.05	Концерт Максима Галкина (12+)
16.15	«Две звезды. Отцы и дети». Финал (12+)
18.00	«Время»
19.00	Премьера. Фильм Вадима Перельмана «Уроки фарси» (16+)
21.10	«Горький привкус любви Фрау Шиндлер» (16+)
22.00	Ирина Пегова, Евгений Цыганов в фильме «Прогулка» (16+)
23.35	Алексей Булдаков в фильме «Особенности национальной рыбалки» (16+)
1.15	«Наедине со всеми» (16+)

НТВ-МИР

6.05	«У нас выигрывают!» Лотерейное шоу.
8.00	«Сегодня».
8.20	«Северный морской путь». 1-я серия.
9.30	«Едим дома».
10.00	«Сегодня».
10.20	«Медицинские тайны».
10.35	«Первая передача».
11.05	«Чудо техники».
12.00	«Дачный ответ».
13.05	«НашПотребНадзор».
14.05	«Однажды...»
15.00	«Следствие вели...»
16.00	«Сегодня».
16.20	«Следствие вели...»
18.05	«Новые русские сенсации».
19.00	«Итоги недели» с Ирадой Зейналовой.
20.10	«Суперстар. Возвращение». 2-й сезон.
23.00	«Звёзды сошлись».
0.30	«Мои университеты. Будущее за настоящим».
1.25	Никита Панфилов в детективном сериале «ПЁС-2». «Старый друг», «Миссис Х», «На дне», «Звезда».
5.30	«Поедем, поедим!»

МӘСЕЛЕ

ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚОЛ САЛУ
ӨРШІП ТҰР

Өз-өзіне қол салмақ болған азаматтарымыздың бейнежазбаларын әлеуметтік желілерде жиі көретін болдық. Бұл өте қорқынышты жағдай. Қазақстанда соңғы жылдары суицид мәселесі ушығып барады.

Досбол
АТАЖАН

Статистика көңіл көншітпей тұр. Ресми деректерге сүйенсек, 2018 жылы елімізде өз-өзіне қол салғандар саны 3542, ал 2019 жылы 3805 адам болған. 2021 жылдың алғашқы 3 айының өзінде 834 адам суицидке барған. Оның 53-і жасөспірімдер. Бұл сан былтырғы көрсеткіштен 15% жоғары. Қазақстан суицид статистикасы жоғары елдердің қатарында алғашқы үштікке енген.

Бұл мәселе жалпы әлем елдерін де алаңдатып отыр. ДДҰ айтуынша, жылына 700 мыңнан астам адам өз-өзіне қол салады. Яғни суицид жаман аурулардан кейін өлімге алып келетін негізгі себептердің бірі. Сонымен қатар, 15–29 жас арасындағы адамдардың өмірден өтуіне себепші болатын мәселелердің қатарында 4-ші тұр.

Суицидтің алдын алу үшін оған итермелейтін себептерді білгеніміз жөн. ДДҰ мәліметінше, бұл мәселеде табысы төмен не орташа елдердің үлесі 77% құрайды. Демек, адамдардың тұрмыстық жағдайы суицид мәселесіне тікелей әсер етеді. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің дерегінше, өткен жылдың алғашқы 3 айында елімізде 29 адам төмен жағдайы мен қарыздарының кесірінен, 5 адам тұрғын-үй мәселесінен, 1 адам әлеуметтік статусын жоғалтуына байланысты мұндай қадамға барған. Тағы 253 адамның себебі белгісіз саналады. Олардың ішінде де банк алдындағы несиесін төлей алмай, жұмыссыз қалғандықтан, өз-өзіне қол салғандар болуы мүмкін. Бұл статистиканың төмендеуі үшін жалпы мемлекетіміздің экономикалық жағдайы мен ЖІӨ өсуі керек екені түсінікті. Дегенмен, әлеуметтік қамтылмаған, қоғамның көмекке ең мұқтаж сатыларына аса мұқияттылықпен қарағанымыз жөн. Қазіргі кезде көптеген құрылымдар қайта қаралып, елімізде үлкен өзгерістер орын алуда. Соны пайдалана отырып, мемлекеттік көмек диттеген жеріне жетіп жатқанына көз жеткізуіміз керек. Әлеуметтік және саяси институттардың да жұмысына кедергі жасамай, қолдау білдірсек, оның да бұл мәселеге оң әсер етері сөзсіз.

Құқықтық статистика комитеті суицидтің өзге себептеріне жалғыздық пен психикалық проблемаларды және қарым-қатынас мәселелерін жатқызған. Әсіресе, жасөспірімдер арасында отбасындағы ұрыс-керістен, қоғамдық ортада өз орнын таба

алмаудан бұл қадамға бару себептері көп екен. Осы күні сансыз ақпараттың ой-санасы толық бекімеген балалардың психологиясына әсер ететіні де бәрімізге белгілі. Өзгенің жақсы жағдайы мен жетістігін көрген бала өзін төмен сезініп, иығына ауырлық түседі. Сол сәтте ештеңе өзгерте алмасын біліп, шарасыздық сезінген балалар қате қадамға барып жатады. Оның алдын алып, болдырмас үшін қоғамдағы психологтардың рөлін арттыру керек. Бұрынғының түсінігімен «ішкі проблеманды өзгеге айту ұят» деген ойдан арылуға жұмыс істеп, 1414 секілді байланыс орталықтарына сенімді жоғарылату керек. Мектептердегі психологтарға дәл мұғалімдердің жұмысындай талап қойып, жауапкершілікпен қарауды ұсынамыз.

Айта кеткен жөн, Қазақстанда жиі жасалатын қылмыстардың қатарына суицидке апару 4-ші тұр. Бұл да назар аударарлық мәселе. Біздің азаматтарымыз өзінің қоғам алдындағы жауапкершілігін толық түсіне бермейді. Осы бағытта мемлекеттік деңгейде ғана емес, адам ретінде әр азаматымызға өзіндік үлесін қосуға шақырамыз.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу үшін келесі шараларды ұсынады:

- *өзіне-өзі қол жұмсау құралдарына қол жеткізуді шектеу (мысалы, пестицидтер, оқ, қару, арнайы дәрі-дәрмектер және т.б.);*
- *өз-өзіне қол жұмсаудың зардабын көрсету үшін бұқаралық ақпарат құралдарымен тікелей жұмыс істеу;*
- *жасөспірімдерде ой-санасының дұрыс қалыптасуы жолында іс-әрекеттер жасау;*
- *мінез-құлықтың суицидтік түрінен зардап шегетін барлық адамдарды анықтау, тексеру, басқару және қадағалау.*

Осы шаралармен қатар, келесі міндеттер жүзеге асырылуы тиіс: қоғамдық жағдайды қадағалау, ведомстваралық ынтымақтастық, ақпараттандыруды арттыру, әлеуетті арттыру, қаржыландыру, мониторинг пен нақты іс-шаралар қабылдау.

Соңғы жылдары суицид мәселесі жиі талқыланып жүр. Алайда, әлі күнге дейін нақты қадамдар жасалмады. Статистика теріс жаққа қарай өсуде. Халқы аз, өзі үлкен мемлекетіміздің бұл мәселеге енді үстіртін қарауына болмайды.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ



almaty-aksham@mail.ru

АРНАЙЫ ОПЕРАЦИЯ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті ІІМ-мен бірлесіп «Қазақстандықтар» ұйымдасқан қылмыстық тобының (ҰҚТ) жетекшілерін ұстады. Бұл туралы ҚР ҰҚК баспасөз қызметі хабарлады.

ҰҚК ІІМ-мен бірлесіп Алматы қаласында және Алматы облысында бұрынғы спортшылар мен бұрын сотталған адамдардан тұратын «Қазақстандықтар» ҰҚТ-ның құқыққа қайшы әрекетінің жолын кесу бойынша ірі ауқымды арнайы операция жүргізді. Топтың ұсталған 6 мүшесінің Алматы өңірі аумағындағы көптеген қылмыстарға (қорқытып тартып алу, қарақшылық, озбырлық, бұзақылық, кәсіпкерлерге криминалдық қамқорлық, мал ұрлығы) қатысы барын хабарлады.

Күдіктілердің тұрғылықты жерлерін тінту барысында 4 бірлік атыс қаруы, 177 оқ-дәрі, 7 граната, арнайы құралдар, сондай-ақ ұ.ж. қаңтарда мародерлікке қатысқандарын растайтын заттар (радиос-



танциялар, «ПР» дубинкалары, броньды кеудеше) тәркіленді.

Қолға түскендер тергеу изоляторларына қамалды. ҚР ҚК 287-бабының 3 және 4-бөліктері (Атыс қаруын, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды немесе жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру) бойынша қылмыстық істер қозғалды. Тергеу-жедел іс-шаралары кешенінің нәтижесінде топ мүшелері ҰҚТ мүшелеріне тиесілі қаруы бар «көмбелерді» көрсетуге ойысты. Жедел-тергеу іс-шаралары жалғасуда.

Жұмыс тобы құрылды

Шаһар бойынша 238 мұнаралы кран есепке қойылған. Оның ішінде 219 мұнаралы кран құрылыс нысандарында орнатылған.

Еске салайық, 23 қаңтар күні «Таугүл-1» ықшамауданындағы құрылыс алаңында кран құлап, бір адам мерт болды. Оқиға орнында қаза тапқан 49


жастағы краншыға қатысты қылмыстық іс қозғалды. Сонымен қатар, барлық кранды тексеретін жұмыс тобы құрылды.

«Құрылыс алаңында қаза тапқан кран машинисі Б.С.Маиновтың өліміне қатысты жазатайым оқиғаны тергеу комиссиясы құрылды. Қазірге таңда комиссияның жұмысы жалғасуда», – деп атап өтті әкімшіліктегілер.

Лаңкестікке
қарсы күрес

Бас прокуратура Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп stopterrorism.kz тәртіпсіздіктер туралы жасырын хабарлайтын веб-сайтты іске қосты.

Қазіргі уақытта прокурорлар дәлелдемелерді жинау мен тіркеуді, қылмыскерлерді бейнежазбалар бойынша сәйкестендіруді жүргізуде.



Веб-сайтта азаматтар жылдың басында болған террорлық актілер мен жаппай тәртіпсіздіктер туралы бейне, фото және аудиозаңбаларды жасырын түрде жүктей алады.

Жеке қабылдау мәселені азайтады

Кеше Алатау ауданы прокуратурасы қала прокурорының бастамасымен жеке тұлғалар мен кәсіпкерлерді қабылдады. Қабылдау аптаның 3 күнінде, дүйсенбі, сәрсенбі және жұма өткізілетін болады.

Халыққа қызмет көрсету орталығында өткен шараға келгендер өздерінің мәселелерін тиісті мемлекеттік орган өкілдеріне жеткізіп, жауап ала

алды. Көбі үй алу кезегіне тұру, жерді заңдастыру, әлеуметтік көмек алу сынды мәселелермен келген. «Халық өзінің мәселесімен келіп жатыр. Біз сол мәселелерді барынша шешуге атсалысудамыз. Барлығы халықпен тығыз жұмыс істеп, елге жақын болу үшін жасалып жатыр», – деді Алатау ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры Ербол Қамза.

Күдіктілер құрықталды

Қалада «Камерад» қару-жарақ дүкенін тонауға қатысқан күдіктілер тергеу барысында мән-жайды айтып берді.

Алматы қалалық полиция департаментінің мәліметінше, «Камерад» қару-жарақ дүкенін тонаған 3 адам ұсталды. Олардан 5 мылтық тәркіленді.

«2 күдікті Алматы облысының, тағы біреуі Жамбыл облысының тұрғыны. Олардың біреуі бұрын тонау бойынша сотты болған. Олар 22–24 жаста. Күдіктілер қамауға алынды. Ұсталғандардың басқа да заңсыз әрекеттерге, соның ішінде қаңтардағы жаппай тәртіпсіздіктерге қатысы баржоғы тексеріліп жатыр», – дейді Алматы қалалық

полиция департаменті бастығының орынбасары Берік Әбілбеков.

Тергеу барысында, ұсталғандар бір ауыздан қару-жарақ дүкенін белгісіз адамдардың бұйрығымен тонағандарын айтты.

«1 бейтаныс жігіт көлігіме отырып, Шаляпин мен Саин көшелеріне баруымды бұйырды. Мен бардым. Дүкенді тонағаннан кейін ол адам жоғалып кетті. Оның кім және қазір қайда екенін білмеймін», – деді ұсталған күдікті.

«Біз көп болдық. Ұрланған қаруды мен тығып қойдым», – деді кезекті ұсталған күдікті. Ұсталғандардың үшеуінің де тұрақты жұмысы жоқ.

Есірткімен күрес

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматы полицейлері мен еріктілер 900-ден астам есірткі жарнамасын жойды. Сондай-ақ, шаһар тұрғындары арасында 1 мыңға жуық тақырыптық брошюралар таратты.

Ішкі Істер министрлігінің ресми сайтындағы мәлімет бойынша, трафаретті жарнама шарасы қаланың Алмалы, Бостандық, Жетісу, Медеу және Түрксіб аудандарының аумағында өтті. Оған полиция қызметкерлері, еріктілер және жанашыр азаматтар қатысты.

«Айтпақшы, еріктілер мен белсенділер – есірткі қылмысымен күрестегі біздің тұрақты серіктестеріміз. Қоғам заң үстемдігін насихаттап, өскелең ұрпақтың салауатты өмір сүру қағидаттарын дамытып, нығайтуға зор үлес қосқанда өте маңызды. Бір



мезгілде қаланың бес ауданының тұрғын үй алқабын қамтыған бұл шара барысында есірткі жарнамасы бар 900-ден астам граффити жазулары жойылды», – деді Алматы қалалық ПД есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының бастығы Ерлан Әлмеғамбетов.

Сонымен қатар, полицейлер аты-жөнін атамай шартымен азаматтар есірткі сататын адамдар, сондай-ақ есірткі жарнамасы қолданылатын орындар туралы ақпаратты хабарлай алатын «жедел желі» телефонын еске салды: 8 705 549 70 25.



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматы-лықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

Құрметті 2022 жылға бір жылға жазылған жазылушылар!

Жеңімпаздарды анықтау 2022 жылдың 10 наурызына ауыстырылды. Ол «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 17 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде
Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 10 айға – 6005 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 10 айға – 16205 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 10 айға – 4405 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

● СЕРГЕК

Камера көзі қырағы

Қалалық сергек бейнекамералары
тіркеген айыппұл құны 9 млрд.
теңгені құрады.



«2021 жылы жалпы сомасы 9 млрд. 373 млн. 600 мың теңгені құрайтын 1 млн. 312 мың құқық бұзушылық тіркелді», – деп Алматы қалалық Полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасы хабарлады.

Басқарма мәліметінше, 2021 жылы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (ҚРҚоАП) сәйкес 130 953 құқық бұзушылық қайта қаралып, күші жойылды.

Сондай-ақ, жол полициясы Алматы жолдарында ең жиі бұзылатын жол ережелерін көрсетті: «Алматы қаласында ҚР жол қозғалысы ережелерін бұзудың жиі кездесетін түрі – ӘҚБтК-нің 601-бабының 1-бөлігінде көзделген жол белгілерінде немесе жолдың жүру бөлігін таңбалауда көзделген талаптарды сақтамау».

Әкімшілік тәжірибе бөлімінің мәліметі бойынша, қазіргі уақытта мегаполисте 2258 камера жұмыс істейді. Олардың 85-і жол қиылыстарында, 379 желілік учаскілерде қойылған. Сонымен қатар, шаһардың кіреберістерінде 21 полицейлік пост орналасқан.

Досбол АТАЖАН.

● ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 16 АҚПАНДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:
I компонент: 762 654
II компонент: 479 575

Жасөспірімдер	Жүкті әйелдер	Бала емізетін аналар
I компонент: 632 517	I компонент: 29 369	I компонент: 97 577
II компонент: 396 230	II компонент: 20 028	II компонент: 63 270

● ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Сабина ЖАБЫКАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail:
zbbknv@mail.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
**Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ**

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефонда-
ры арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almatyaparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«БӨРІ СЫРҒАҚ» – ТАҒЫЛАР ТАЙТАЛАСЫ...

Дала көкжалдарын жұптастырған ат құлағы көрінбейтін ақ дүлей боран бүгіннен ақпанның 23-іне дейін созылады. Іле-шала аса қауіпті «Үт» амалы көрініс береді



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Ақпан айы ортасынан ауа сырғақты қатты боран соғатын болған, ат құлағы көрінбейтін осы боранды күндерде қасқырлардың ұйығуы (ақпанның 17-сі мен 23-і арасында) басталады. Дала көкжалдары осы боранда жұптасып, 62 күннен соң қасқыр бөлтірігін өмірге әкеледі екен. Сырғақ деп бұршақтан кіші мұзды қар түйіршіктерін айтады. Көнекөз қариялар бұл амалдың атауын осы бөрілер мен сырғақты боранға байланысты «Бөрі сырғақ» деп атаған секілді.

Биылғы ақпан Алматыға «ақырып» келген жоқ. Жылы қабақ та танытпады. Бірақ арақидік қылаулап жауған қардың өзі қала көшелерін ақ ұлпаға көміп тастады.

Ақпандағы қауіпті саналған амалдардың бірі – «Үт амалы». Ол ертеңнен басталып, айдың 25-іне дейін созылады. «Үт» сөзінің қайдан шыққаны туралы әртүрлі әңгіме бар. Біреулер қазақтар ілгеріде сиырды «үт» деп атаған десе, енді біреулер киіз үйдің саңлауынан түскен сәулені «үт» деген деседі. Дегенмен, құбылмалы ақпан айына көп сене беруге де болмайды. Жемшөп таусылып, өріс ашылмай, дауыл басылмай әлекке салатын мезгіл осы. Ауа райы ерекшелігі: қар ерігенмен, қатты қасат қар ерімейді. Сиырлар осы мезгілде жатпай, бір-бірін сүзгілеп, сықырлап жүріп алатын болған. Амалдың «сиыр» аталуына осы көрініс себеп болған сыңайлы. Тереңірек ойлап, зерделесек, саңлаудан түскен сәуле мен сиырдың теңселіп жүруі амалдың келгенін ғана білдіретін көрініс. Негізі, қазақ «үт» деп саңлаудан түскен сәуленің ішіндегі қозғалып жүрген есепсіз тозанды айтқан. Ол күннің жылынаатынын, табиғаттың



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ДАЛА ҚАРЛЫ БОЛСА...

- Торғай ерте жұмыртқаласа, күн ерте жылынады.
- Таң күңгірт тартып, күн манаурап көрінсе, жыл жауын-шашынды болады.
- Жыл басында таң өрттей қызарып атса, ол жылы жаманшылық, жұт, қуаңшылық болуы мүмкін.
- Таң шашырап атса, жыл молшылықты, берекелі.
- Дала қарлы болса, келер жазда жер нәрлі болады.
- Алқап қалың қар жамылса, көкекте көл суға толады.

өзгеретінін, шуақты күндердің жақын екендігін білдіретін тозан. Бұрынғылардың «Үт келді, құт келді» деп масаттануының да, осы мақалдың шығуының да себебі осы болса керек.

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін ақпанның 17-сі. Ай есебінше –15-і. Ал қазақша, айдың бастал-

ғанына бүгін 1-ші күн. Сөз етіп отырған аптамыз айдың басы мен ортасына сәйкес келіп тұр. Демек, ауа райында алдағы аптада аз да болса өзгеріс, құбылыс болатын сыңайлы. Ашық күн де, жауын-шашын да көрініс беруі ғажап емес. Бірақ таңертең ызғар және түнге қарай айтарлықтай суық орын алады.

ӨТКЕН-КЕТКЕН

Қорған болған қара мылтық

Ашаршылық жайлаған
зұлмат жылдары аман
қалған аталарымыздан
бізге жеткен әңгіме.



Досбол
АТАЖАН

Арқасына дорба іліп, алдына мылтық асқан Қарақұл жүктің ауырлығына қарамай жүрісін жылдамдата түсті. Алдындағы өткелден өтсе, енді шекара аспақ. Межесіне жетуге сәл қалса да, көңілі көншімей тұр. Себебі, бұл тұста ұры барын ел-жұрттан естіген-ді. Аштықтан әлсіреп, жолдан шаршаған жолаушылардың соңғы тілім нанына дейін бір залымдар тартып алады екен-мыс. Жалғыз жүрсе, тірі жаннан қорықпас еді. Тек өзімен ертіп келе жатқан отбасын уайымдайды. Ата-бабасы қан төгіп қорғаған, әр тасын, әр сайын жатқа білетін туған жерін де солар үшін тастап келе жатқан жоқ па? Екі ел арасындағы хабар мүлдем үзілмей тұрып айтылған: «түбі түркі



бауырмыз» деп, өзбектің өзі ауып келгендерге көмектесіп жатыр екен, ол жаққа ұжымдастыру деген бөле бармапты, молшылық екен» деген сыбыстарды білетін. Дегенмен, жаны алқымға таянғанша туған жерін – Сыр бойын қимай жүрген. Тек аштықтан тәні ғана емес, жаны да азғандар құрт-құмырсқаларды қойып, адамға шауып болмай бара жатқан соң, өзінің де ұл-қыздары тамақтың жоқтығынан өлерменнің күйіне түскендіктен, белін бекем буып, жолға шыққан.

Міне, ел-жұрт қорқып жүрген Ұрыөткелге кеп қалды. Мойнына асқан мылтығын сәл түзегені болмаса, Қарақұл асып-сасқан жоқ. Көзінде алай-дүлей ашу бар. Кімге ашулы десеніз, ел-жұртын аздырып, аштан қырған Голощекинге ашулы.

Қазақтарды өзгелерден оздырамын деп келіп, тоздырған кеңестерге ашулы. Үйсіз-күйсіз қалдырып, ұлын интернатқа беруге, қыздары мен өзін шет ел асып көшуге мәжбүрлеген заңға ашулы. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп ұрандап, шаш ал десе, бас алған қазақтың шолақ белсенділеріне ашулы. Егер алдынан ұры шықса, өзі жасаған жалған мылтығымен ұрып болсын сол ашуын алмақшы...

Бірақ ешқандай қара ниеттілердің қарасы көрінбеді. Қай заманнан құт-береке ордасы болған Сыр елін амалсыздан тастап келе жатқан жолаушыларға тек ысқырған жел ілесті. «Қысыр сөзге сенбеу керек» деп ойлаған Қарақұл өзін бірнеше көздің шығарып салып тұрғанын білмеді. Сол білместіктен шекара асып кете барды. Иә, ел-жұрттың аузындағы ұрылар өтірік емес, шын еді. Баланың жасына да, ананың зарына да қарамайтын сұмдар бұл жолы жолаушының көзіндегі ашудан қайтты ма, ағаш мылтықты шын көрді ме, тиіскен жоқ. Өткізді. Бір жайт қана белгілі. Қарақұлдың қолдан жасаған қара мылтығы оның ұрпағын сақтап қалды.

ЖҮЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

(17 – 24 ақпан)

ТОҚТЫ

(21 наурыз – 20 сәуір)

Бұл күндері өзіңізге ғана сеніңіз. Дұрысы, сізге күрделі жоспарларыңызға және өміріңіздегі жаңа өзгерістерге аса көңіл бөлу қажет. Сабырлы болыңыз, көп жетістікке жетесіз. Қаржылық жағдайыңызға көңіл бөліңіз. Жақындарыңызға да жәрдемдесуді естен шығармағаныңыз абзал. Жұмыста, жеке өміріңізде көптеген қиындық туындауы мүмкін.

ТОРПАҚ

(21 сәуір – 21 мамыр)

Өз күшіңізге сеніңіз. Болашақта табысқа жеткіңіз келсе, дүрбелеңге салынбауға тырысыңыз. Табандылығыңыз дәрежеңіздің өсуіне жағдай жасайды. Кешкі уақытыңызды сүйіктіңізбен өткізіңіз.

ЕГІЗДЕР

(22 мамыр – 21 маусым)

Осы аптада жолыңыз болады. Бұған дейінгі барлық қиындығыңыз өз шешімін тауып, ренжісіп жүрген адамдарыңызбен татуласасыз. Уақытты ұтымды түрде пайдаланыңыз. Жоспарлаған жұмыстарыңыз сәтті өтеді.

ШАЯН

(22 маусым – 22 шілде)

Сіз үшін қарбаласқа толы апта болмақ. Егер отбасылы болсаңыз, тұрмыстық жауапкершіліктің жүгі артады. Үй тірлігіне қатысты шаруалар шаш-етектен. Жұмысбастылығыңызға қарамастан сүйіктіңіздің көңілінен шығуға тырысыңыз. Қаржылық жағынан қуанышты хабар түсіп, қалтаңыз қампаятын болады.

АРЫСТАН

(23 шілде – 23 тамыз)

«Өмір өткелдерден тұрады, оны өжеттер ғана бұзады» дегенді естен шығармаңыз. Мақсатқа жету қашан да оңай емес. Жұмыстағы қиындықтар сүйіктіңізбен арадағы байланысқа да кедергісін келтіруі мүмкін. Қай істе де сабыр сақтаныз. Бұл аптаның сізге тартар сыйы бар, жағымды жаңалық күтіңіз. Көп уақытыңызды достарыңызбен өткізуге тырысыңыз.

БИКЕШ

(24 тамыз – 22 қыркүйек)

Жұлдыздар бикештерге демалыс күндері тыныш, жайлы өмір сүруді ұсынады. Өзіңізге демалыс жариялап, ішкі жан-дүниенің қалыпқа келуін қадағалаңыз. Мол күш-қуат жинау үшін отбасыңызбен немесе достарыңызбен көбірек болыңыз.

ТАРАЗЫ

(23 қыркүйек – 22 қазан)

Жұмыс күндері белсенділік танытып, жеке бастың жағдайына көңіл бөлгеніңіз дұрыс. Сыртқы келбетіңіз бен киім киісіңізге, тіпті, шаш үлгіңізге де өзгеріс енгізіп, күтіміңізді күшейтсеңіз артық емес. Спорт – денсаулық кепілі, арыстандар жаттығу алаңдарынан табылып жатса, құба-құп.

САРЫШАЯН

(23 қазан – 21 қараша)

Сарышаяндар үшін бұл күндер жұртшылық назарының нысанына айналғалы тұр. Көпшілік арасынан ерекшеленіп, көзге ілігесіз. Мүмкін бұл сіздің әлеуметтік немесе кәсіби дәрежеңіздің өсуіне байланысты болуы ықтимал. Мысалы, сізге жақсы қызмет ұсынуы мүмкін немесе тұрмыс құруға ұсыныс түсіп, тойдың кейіпкері атануыңыз да ғажап емес.

МЕРГЕН

(22 қараша – 21 желтоқсан)

Кез келген күрделі және маңызды тапсырманы қабылдамас бұрын, оны орындауға уақытыңыздың бар-жоғына көз жеткізіп алыңыз. Осы аптада сәттілікке жететініңізге сенімді боласыз. Алайда, әр күніңіз сіз үшін жағымды жаңалықтарға толы болмайтынын естен шығармағаныңыз жөн.

ТАУЕШКІ

(22 желтоқсан – 20 қаңтар)

Алға қойған жоспарларыңызға қажетті ақыл-кеңестерді жақындарыңыздан сұрап біліңіз. Бұл ақпарат алдағы уақытта өте қажет болуы мүмкін. Ескі суреттерді бір қарап шығыңыз, өзіңіз жақсы болып қаласыз. Мұнымен қатар, дәл қазір жалғыз қалып, миыңызды тынықтыратын уақыт.

СУҚҰЙҒЫШ

(21 қаңтар – 19 ақпан)

Сүйкүйғыштарға аянбай еңбек етуге тура келіп тұр. Айналаңыз ақпаратқа толы. Әсіресе, жағымсыз жаңалықтар жүйкенізді жұқартады, бірақ оның бәріне төтеп беру сіздің мықтылығыңызға байланысты. Сүйіктіңізбен ара қатынасыңыз жақсарып, махаббат әлеміне аттанасыз.

БАЛЫҚТАР

(20 ақпан – 20 наурыз)

Аптаның алғашқы күндері өзіңіздің ерекше қасиеттеріңізді көрсетесіз. Жұлдыздар уақытыңызды үнемдеп, нақты материалдық қиындықтарды шешуіңізге кеңес береді. Көптен бері жаңа іс бастағыңыз келіп жүр. Ендеше, тартынбаңыз. Ойыңызды жүзеге асыру үшін бар болғаны күн тәртібін ретке келтіргеніңіз жөн.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.